



ЕКПЕ ЕГУ ЕКПІНІ

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



35 КӨПҚАБАТТЫ ҮЙ СҮРІЛЕДІ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



КӨПБАЛАЛЫНЫ КӨП КӨРМЕҢІЗ!

6-БЕТ | ҚОҒАМ

“”

Шерхан МҰРТАЗА (1932-2018),
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ:

1997 ЖЫЛЫ СТАТИСТИКА БАСҚАРМА-
СЫНЫҢ АҚПАРАТЫ ЖАРИЯЛАНДЫ:
ҚАЗАҚСТАҢДА ТҰРАТЫН ХАЛЫҚТАР-
ДЫҢ ІШІНДЕ ҚАЗАҚТАР ЕЛУ БІР
ПАЙЫЗҒА ЖЕТІПТІ!
«МЕН ҚАЗАҚПЫН» ДЕГЕН АЗАМАТТЫҢ
ҚУАНБАҒАНЫ ЖОҚ. ҰЗАҚ ЖЫЛДАР
БОЙЫНА ӨЗ ЕЛІНДЕ, ӨЗ ОТАНЫНДА
АЗШЫЛЫҚ БОЛЫП ҚАЛҒАН ҚА-
ЗАҚТАР АРАҒА ОНДАҒАН ЖЫЛДАР
САЛЫП БАРЫП, ЖАР ЖАҒАЛАП
ЖҮРІП, ҚҰЗҒА ҚҰЛАП КЕТПЕЙ, ӘРЕҢ
ДЕГЕНДЕ ҚАЙЫРА БОЙ ТҮЗЕДІ.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ


№31 (4155)
Бейсенбі
18 наурыз
2021 жыл

NurSultan

ASTANA

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ А Қ Ш А М Ү 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA АППАРАТ



ЭСТОНИЯНЫҢ ҚҰРМЕТІ

Қазақстанның Эстониядағы елшілігі «Eesti post» пошта операторымен бірлесіп, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мерейтойлық пошта маркаларын шығару туралы бастама көтерді. Бұл басылым сонымен қатар бұдан бұрын қазақ ақыны және ағартушысы Абайдың 175 жылдығына және философ Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған мерейтойлық маркалар сериясын шығаруды да жалғастыруда.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

Маңызды шара 1 қыркүйектен қазан айының соңына дейін жүреді.

Халық санағын өткізу туралы мәселе жақында реформалар жөніндегі Жоғарғы кеңесте қаралды. Әзірге біздің болжамдарымызға сүйене отырып, эпидемиологиялық жағдайға қарай халық санағын 1 қыркүйектен қазан айының соңына дейін өткізу шешімі қабылданды. Яғни санақ шамамен 2 айға созылады. Санақ жүргізу жөніндегі арнайы мемлекеттік комиссия құрылды.

Бұрынғы санақтармен салыстырғанда биылғы санақты барынша цифрландыру көзделіп отыр. Атап айтқанда, 1 қыркүйектен 15 қазанға дейін Ұлттық статистика бюросының арнайы сайты ашық тұрады: sanaq.gov.kz. Бұл санақ аясында барлық сұрақтарға онлайн жауап беруге мүмкіндік береді. Қазанның соңғы екі аптасында интервьюерлер тұрғындардың үйлерін аралап, планшеттер арқылы ыңғайлы формада толтыратын болады.

Санақтың алғашқы нәтижелерін жыл соңына дейін алу жоспарланған.



ІНДЕТТІ БІРЛІК ПЕН ТӘРТІП ЖЕҢЕДІ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов бір жыл бұрын елімізге коменданттық сағат енгізілгенін еске салып, қала тұрғындарына үндеу жариялады және коронавируспен күрес қалай жүргенін еске түсірді. «Адамдардың өмірі мен денсаулығына ештеңе де қауіп төндірмеу керек. Жағдайға немқұрайлы қарай алмаймыз, себебі індетке қайта шалдығу қаупі бар. Коронавирусты жеңіп шыққанның өзінде де денсаулықты күткен жөн!» деген ол осы қиын кезеңнен ауызбіршілікпен өтуіміз керектігін жеткізді.

2



КӨК ТЕҢІЗГЕ КӨШ ТҮЗЕГЕН

12 мыңға жуық отандасымыз Анталияны мекен етіп, қоныс аударушылардың көш басына жайғасты.

5-БЕТ

ӘЛЕМНІҢ ЖЕТЕКШІ УНИВЕРСИТЕТІ ШАҚЫРАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы Эльдар Уркумбаев АҚШ-тың Массачусетс технологиялық институтына шақырту алды. 2021 жылғы әлемдік рейтингте топ бастап тұрған университеттің шақыруы еліміздегі ешбір мектептің тарихында бұрын-соңды болмаған.

– Мен халықаралық бакалавриат бағдарламасында оқып жатқандықтан, жоғары оқу орындарын талдау барысында АҚШ университеттеріне басымдық таныттым. Маған негізінен академиялық еркіндік пен пәнаралық зерттеу қағидаларын ұстанған жоғары оқу орындары ұнайды. Ал бұл АҚШ-та жақсы дамыған. Оған қоса, MIT университеті АҚШ және әлемнің ең үздік техникалық жоғары оқу орындарының бірі. MIT қауымдас-

тығының 88 мүшесі – Нобель сыйлығының лауреаттары. MIT түлектері Google, Oracle, Amazon, McKinsey Accenture, Apple, Boeing және Microsoft сынды үлкен компанияларда қызмет етеді. Мұндай үздік, беделді университеттен шақырту алу – мен үшін және менің отбасым үшін зор құрмет, – дейді Эльдар. NIS IB-дің 12-сынып оқушысы өз болашағын биология пәнімен байланыстырып отыр. Эльдар

биологиядан республикалық олимпиадаларға үш жыл қатысып, NIS тобының мүшесі ретінде бір алтын және екі күміс медальдарға ие болды. Сонымен қатар, ол 2018 жылдан бастап мектепте олимпиадалық биологиядан оқушыларға сабақ береді. Болашақта Эльдар биологияның тар шеңберлі мамандығы бойынша магистратураға түсіп, шетелдік тәжірибе жинақтауды жоспарлап отыр.



№31 (4155) 18/03/2021 Бейсенбі

АЛМАТЫНЫҢ ОРНЫ АЙРЫҚША

Мемлекет басшысы алып мегаполисті одан әрі дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Жиынды ашқан Қазақстан Президенті ел Тәуелсіздігінің 30 жыл ішіндегі табыстары Алматы қаласымен тығыз байланысты екенін атап өтті.

Тәуелсіздігіміз Алматыда жарияланды. Сондықтан бұл шаһардың тарихи рөлі айрықша. Қазір Алматы – экономикамыздың басты қозғаушы күші. Сонымен бірге мұнда бизнес саласы жақсы дамыған, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың тұрмыс сапасын жақсарту баршаға ортақ негізгі міндет саналатынын және азаматтарды жұмыспен қамтып, табысын арттыру басты назарда болуы қажет екенін еске салды.

Президент қаланың ұзақ мерзімге арналған даму стратегиясына сәйкес, Алматы өмір сүруге қолайлы және жалпыға бірдей тең мүмкіндік беретін қалаға айналуға тиіс екеніне тоқталды. Мемлекет басшысы осы мақсатқа жету үшін бірқатар міндет жүктеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев бірінші міндет ретінде экономикалық даму мәселесін атады.

Президент 2020 жылдың қорытындысы бойынша Алматының әлеуметтік-экономикалық дамуында оң қарқын бар екенін атап өтті. Осы орайда ол ахуалдың құбылмалы сипатына назар аударып, босаңсуға болмайтынын айтты.

Сонымен қатар Президент шешетін инвестицияларды қорғау мәселесіне назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, инвесторлардың еліміздегі бизнесстерін жайлы жүргізуі экономикалық табысты дамуына және азаматтардың әл-ауқатына ықпал етеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдеріне агломерация аясында туризмді дамытудың бірлескен бағдарламасын әзірлеуді тапсырды.

Президент халықты жұмыспен қамтуды маңызды мәселелердің бірі ретінде айтты. Пандемия кезінде бұл мәселенің өзектілігі арта түскен.

– Қазіргі күрделі кезеңдегі біздің басты міндетіміз – жұмыссыздықтың күрт көбеюіне, жұмыс орындарының жаппай қысқаруына және тұрғындар табысының азаюына жол бермеу. Сонымен бірге іскерлік белсенділікті сақтау үшін бизнесті ынталандыру өте маңызды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде әлеуметтік салаға ерекше назар аударды. Президент ерекше күтімге мұқтаж жандарды қолдауды және оларға барынша қолайлы орта қалыптастырудың маңыздылығын жеткізді.

Президент Алматы агломерациясындағы қала маңын және елді мекендерді дамыту қажеттігіне тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Алматы – Қазақстандағы ең үлкен қала ғана емес, еліміздегі агломерацияның ірі орталығы.

– Алматы қаласы мен Алматы облысының даму мәселесін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Негізгі сапалы жұмыс орындары қалада жасакталады. Бұл мерзімдік миграцияны ынталандырмай тұрмайды, – деді Президент.

Осы ретте Мемлекет басшысы Үкіметке Алматы қаласы мен Алматы облысы әкімдерімен бірлесіп, агломерацияның көліктік моделін жасауды тапсырды.

Мемлекет басшысы қалада қауіпсіздікті қамтамасыз ету маңызды деп санайды.

Президент сөз соңында Алматы әкіміне жүктелген міндеттерді мұқият іске асыруды тапсырды. Сонымен қатар берілген тапсырмалардың уақытылы әрі сапалы орындалуы Президент Әкімшілігінің бақылауында болатынын атап өтті.



ІНДЕТТІ БІРЛІК ПЕН ТӘРТІП ЖЕҢЕДІ

ray77781@mail.ru

Райхан
РАХМЕТОВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Иә, елорда басшысы айтқандай, тура бір жыл бұрын елімізде әлемдік пандемияға байланысты төтенше жағдай енгізілгенде, ең бірінші қауіп пен қиындық бас қалаға түскені рас еді. Келімізді кетімізді қонағы көп елорда әлі де болса «қызыл аймаққа» бірінші және жиі түсетін шаһар болып қалып отыр. Сондықтан қаладағы эпидемиологиялық ахуал қатаң бақыланады және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапкершілік те зор. Былтыр індет елде Алматыдан кейін елордаға жеткенде алдымен қала аумағында блок-бекеттер орнатылып, коменданттық сағат жарияланды.

«Содан бері медицина қызметкерлері коронавируспен күрестің алдыңғы шебінде келеді. Мемлекет жедел қабылдаған шаралардың арқасында індеттің таралу қаупін азайту мүмкін болды. Дегенмен вирус әлі де бар. Инфекция жұқтырған адамдар санының күрт өсуіне жол бермеуіміз керек. Коронавируспен күресудің тиімді әдістерінің бірі – вакцинация. Ұжымдық иммунитетті қалыптастырып, санитария нормаларын сақтап қана қалыпты өмірге орала аламыз» деді қала әкімі Instagram парақшасында жазған үндеуінде. Дәл қазір қайтадан «қызыл аймаққа» түскен елордада бірқатар карантиндік қосымша шектеулер қойылды. Дәрігерлердің айтуынша, жұқтыру жағдайларының өсуі мереке алды және мереке күндері байқалған. Сондықтан осы жексенбі, 21 наурызда, қалада локдаун жарияланды. Барлық бұқаралық шараларға тыйым салынды.

ЖЕДЕЛ ШТАБ ҚҰРЫЛДЫ
Былтыр наурызда індет басталған соң алдымен Нұр-Сұлтан қаласы бойынша коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі жедел штаб құрылды. 22 наурыз күні сағат 00.00-ден бастап елордада кіріп-шығуға тыйым салынды. Аталған штаб шешімімен 28 наурызда сағат 00.00-ден бастап азық-түлік,

дәрі-дәрмектер сатып алу мен жұмысқа шығуды қоспағанда, азаматтардың тұрғын үйден шығуына шектеу қойылды. Халықтың жаппай жиналатын орындары, атап айтқанда, саябақтар, шағын бақтар, жаю жүретін көшелер, жағалаулар, ойын алаңдары және т. б. жабылды. Қоғамдық көліктің жұмысы кезең-кезеңмен шектелді.

ЕКІ АПТАДА АЗУРХАНА САЛЫНДЫ

Өткен жылы сәуір айында 13 күн ішінде 200 төсек орындық КВИ бар науқастарды емдеуге арналған жаңа модульдік жұқпалы аурулар орталығы ашылды. Құрылыс тез тұрғызылатын ғимараттарды салу технологияларын пайдалану арқылы модульдік блоктардан құрастырылды. Бөлмелерін желдету құрылысы да ерекше болды. Барлық палаталарда ауа сорылып, сыртқа шығарылып отырады. Осы арқылы ондағы медицина персоналымен пациенттердің қауіпсіздігі қамтамасыз етілді. Аурухана компьютерлік томографпен, ЭКМО және гемодиализация аппаратымен, басқа да медициналық жабдықтармен жабдықталған. Аурухана Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының барлық нормаларына сай келді. Медициналық мекеменің жалпы алаңы 7 мың шаршы метрді құрап, оны салуға ел бюджетінен 5,5 млрд теңге бөлінді. Бұған қоса, «Үй жанындағы дәрігер» жобасы шеңберінде 10 ұйым құрылды.

КҮРЕС ҚАРҚЫН АЛДЫ

Әр сәт сайын қаланың қоғамдық кеңесінің отырысында коронавируспен пандемиясымен күрес бойынша жағдайларын жатқан шаралар туралы есеп беріліп отырды. 2020 жылдың басында елордада тек 1 ПТР-зертхана жұмыс істесе, ол кейін 25 зертханаға жеткізілді. Сонымен қатар, талдау нәтижелерін күту уақыты бастапқыдай бірнеше күнді емес, 4 сағатты алатын болды. Елорда әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкеннің төрағалығымен Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының отырысында ҚР Денсаулық сақтау саласын дамытуының 2020-25 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының қорытындылары жарияланды. Сол кезде елорда мемлекеттік бағдарла-

маның 19 маңызды индикаторына қол жеткізілгені айтылды. Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан медициналық-демографиялық көрсеткіштер жақсарып, тіркелген азаматтардың электрондық денсаулық паспорттары жасалды. 2100 адамнан тұратын кадрлық резерв құрылды, олар КВИ бар пациенттерді диагностикалау және емдеу бойынша оқытылды. Пандемия басталғалы бері шамамен 24 мың пациентке қызмет көрсеткен мобильді бригадалар туралы да естен шығармау керек, олар қашықтық форматта 53 мың адамға көмек көрсетті.

МАУСЫМДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІ

Пандемия басталған жылдың маусымы Қазақстан үшін ауыр тиді. Қаладағы жедел және медициналық мекемелерге көмекке жүгінетін тұрғындар саны артты. Мамандарға, зертханалар мен медициналық ұйымдарға салмақ түсті. Әкім осы аралықта ПТР-тесті, өкпені жасанды желдету, КТ аппараттары, жеке қорғаныш құралдары, дәрі-дәрмектер санын көбейту жөніндегі қажетті шараларды уақытылы қабылдау үшін ДСМ басшылары, зертхана өкілдерімен, «Фармация» СК, санитарлық дәрігерлермен онлайн-кеңестер өткізіп, жол картасын бекітті. Қалада тұрғындарға уақытылы көмек көрсету үшін қосымша 720 орын дайындалды. 112 мыңнан астам жеке қорғаныш құралдары сатып алынды. Сонымен қатар ПТР тест алу бойынша мобильді топ құрылып, соған сай медицина мамандары оқытылды. Зертханалар жұмыс ауқымын арттырып, тестілеу режимінде мобильді зертханалардың жұмысы іске қосылды. Олар тәулігіне 1 мың тестке дейін алуға мүмкіндік берді. Дәрігерлермен онлайн-кездесулерде пациенттермен кері байланысты күшейту, әрбір симптомсыз науқасты бақылауда ұстау, жедел жәрдем стансалары телеграм-боттарының сапалы жұмысын қамтамасыз ету жайы айтылды.

СТУДЕНТТЕР ДЕ АТСАЛЫСТЫ

Шілде айында медициналық университет пен колледждің 536 түлегі вируспен күреске тар-

тылды. Студенттерді жұмысқа орналастыру және індетке қарсы күреске жұмылдыру жайы медициналық оқу орындары ректорларымен өткен кеңесте талқыланды. Түлектер емханалар, ауруханалар, стационарлар және жедел жәрдем стансалары арасында бөлінді. Олар 3 шілдеден бастап жұмысқа кірісті.

ДӘРІЛЕРГЕ МОНИТОРИНГ КҮШЕЙТІЛДІ

Бас санитарлық дәрігердің қаулысымен шілде айында дәріханаларда қажетті дәрілердің болуын бақылайтын мониторингтік топ құрылды. Қызуды төмендететін дәрілердің алғашқы партиялары дәріханаларға түсе бастады. Алыпсатарларға жол бермеу үшін әр адамға 2-3 орам ғана сатылды. Дәріхана ұйымдарының басшыларына дәрілік заттардың шекті бөлшек сауда бағасын қатаң сақтау тапсырылды. Осы айда елордаға коронавирус, пневмония және басқа да ауруларды емдеуге арналған 23 тоннадан астам дәрі-дәрмек жеткізілді.

АЛҒЫ ШЕПТЕГІ ДӘРІГЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Індет өршіп тұрған жаз мезгілінде алғашқы күннен бастап коронавируспен күресте алдыңғы шепте жүрген дәрігерлер мемлекеттік наградаларға ұсынылды. III дәрежелі «Барыс» орденімен көпбейінді медицина орталығы бас дәрігерінің орынбасары С.Атығаева, «Парасат» орденімен бас дәрігер А.Цепке, «Құрмет» орденімен дәрігер-реаниматолог И.Логвиненко, көпбейінді медициналық орталықтың дәрігері Г.Жүсіпбекова, «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен анестезиолог-реаниматолог И.Вахрушев, дәрігер-инфекционист Г.Нұртазина, жалпы барлығы 20 медицина маманы марапатталды.

ӘЛЕУМЕТТІК ПАКЕТ ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ

Биылғы есеп беруінде қала әкімі елордада жедел жәрдем стансаларындағы 84 автомобильдің 63 пайызға тозғанын айтты. Сондықтан былтырдан бері 11 көлік жаңадан сатып алынып, 16 машина жаңартылған. Нәтижесінде жедел жәрдем қызметі 15 минуттан 3 минутқа дейін қысқарып, «алтын сағатқа» қол жеткізілді. Сонымен қатар елордада сапасы сын көтермей тұрған кейбір апатты жағдайдағы ауруханалардың да жайы назар аударуды қажет етеді. Солардың бірі Орталық теміржол ауруханасы жаңа ғимаратқа көшірілді. Алдағы уақытта мемлекеттік-жекеменшік серіктестік бойынша Сарыарқа ауданында көпсалалы жаңа аурухана салынады. Қазіргі күні Нұр-Сұлтанға 14 мыңға жуық медицина қызметкері бар. Соған қарамастан кадр тапшылығы әлі де өзекті мәселенің бірі ретінде қалып отыр. «Қалада 500-ге жуық дәрігердің жетіспеушілігі болған. Бұл мәселенің жартысын шештік. Сондықтан дәрігерлер үшін де әлеуметтік пакет дайындалады. Қолжетімді баспана – жатақханалар беруді жалғастырамыз» деді А.Көлгінов.



ТАҒАЙЫНДАУ

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы ҚР Қауіпсіздік Кеңесінде бірқатар кадрлық өзгеріс жасады. Елбасының және Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының шешімдерімен: Расул Қабдоллаұлы Оразғұлов ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің Қауіпсіздік жалпы мәселелері бөлімінің меңгерушісі қызметіне, Данияр Нұрашұлы Есин ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің Ахуалдық орталығының меңгерушісі

қызметіне тағайындалды. ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы, ҚР Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының шешімдерімен басқа жұмысқа ауысуларына байланысты: Русланбек Кеңесбекұлы Бекжігітов ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің Қауіпсіздік жалпы мәселелері бөлімінің меңгерушісі қызметінен; Ерман Сатыбайұлы Абдақасов ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің Ахуалдық орталығының меңгерушісі қызметінен босатылды.

ГАЗ ЖЕЛІСІ ТАРТЫЛЫП ЖАТЫР

Қазіргі күні Отын-энергетикалық кешен және коммуналдық шаруашылық басқармасы «Нұр-Сұлтан қаласын газдандыру. III кезек» жобасы бойынша жобалық-ізденіс жұмыстарын жүргізіп жатыр. Уақытылы қаржыландыру болған жағдайда аталған жобаны 2021-2023 жылдар аралығында жүзеге асыру жоспарланған.

Елорданы газдандыру процесімен тыңғылықты танысу мақсатында қала әкімі Алтай Көлгінов таңғы аралау кезінде «Оңтүстік-Шығыс» шағын ауданындағы газ тарату желісінің құрылыс басына барды. Мұнда қазу жұмыстары мен газ реттегіш шкаф пунктін орнату жүргізіліп жатыр.

«Мердігерге жұмыс қарқынын бәсеңдетпеуді, қауіпсіздікке ерекше назар аударуды тапсырдым. «Оңтүстік-Шығыс» шағын ауданының

тұрғындары келесі жылыту маусымына дейін газға қосыла алады. Елді мекен тұрғындары ғана емес, қала тұрғындары да үйлерін газбен жылыта алады» дейді Алтай Көлгінов өзінің Instagram парақшасында.

Айта кетейік, биылғы жылыту маусымында «Железнодорожный», «Көктал-2», «Агроқалашық» (бір бөлігі ғана) елді мекендерінің тұрғындары газға қосылу мүмкіндігін алды. Сондай-ақ 1-ЖЭО және 2-ЖЭО бірқатар су

жылыту қазандықтары газға ауыстырылды.

«Газдандыру – Мемлекет басшысының бақылауында. Ол процесс үш кезеңнен тұрады. Газдандыру атмосфераға тарайтын зиянды қалдықтарды айтарлықтай төмендетуге ықпал етеді, экологияға оң әсер береді. Сондай-ақ жеке сектор тұрғындарының өмір сүру жағдайын жеңілдетеді. Өйткені көмірдің сапасын, оны сақтауды уайымдап, күні бойы үйде болудың қажеті жоқ» деді әкім сөзін түйіндей келе.

ӘЛЕМ АСТАНАЛАРЫ



МӘСКЕУ

Ресей астанасында қаладағы ескерткіштер жыл сайын наурыз-қазан айлары аралығында жуылады. Қала шаруашылығы кешенінің мамандары қыстан кейін 17 наурызда алғаш рет Мәскеудегі Жеңіс монументін жуды. Әдетте жуу жұмыстары айына бір рет жүргізіледі, бірақ ескерткіш қатты кірлеп кетсе, мәселен ауа райына байланысты ластанса, оны аптасына бір рет жуады. Қала әкімдігі өкілдері Жеңіс монументін жуатын бригада 5 адамнан тұратынын және оған арнайы техника – суарып жуатын машина мен гидромұнара пайдаланылатынын айтады.



АНКАРА

Түркия астанасының ең көрнекі көшелерінің біріне ежелгі түркі дәуірі мемлекеттерінің қолбасшысы, екінші Түрік қағанатының негізін қалаушы Тонкөктің қанатты сөзі жазылған 1300 жылдық стела орнатылды. Ескерткіштің ашылуына жоғары лауазымды шенеуніктер, мәдениет қайраткерлері келді. Қолбасшының тірі кезінде жазылған эпитафияға биыл 1300 жыл толып отыр. Түркия парламентінің спикері Мұстафа Шентоптың айтуынша, мұның бәрі кітаптарда бар, бірақ орнатылған стеланың арқасында паркке келушілер түркілер мұрасының маңыздылығын жете түсінетін болады.



ЕКПЕ ЕГУ ЕКПІНДІ ЖҮРУДЕ

Кеше Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаментінің жеке құрамы мен мұғалімдерді коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациялау жалғасты.



Тәртіп сақшыларының арасында вакцина алдымен тұрғындармен тығыз байланыста болатын, вирус жұқтыру қаупі жоғары полицейлерге салынады. Олардың арасында учаскелік полиция инспекторлары,

патрульдік полицейлер, ювеналдық полиция және басқа да қызметтер бар. Вакцина салмастан бұрын міндетті түрде дәрігерден денелік тексерістер, жүрек қағысын, артериялық қан қысымын, тыныс алуын және жүрек-қан тамырлары жүйесін, ауыз қуысын тексереді, эпидемиологиялық анамнез нақтыланады. Вакцинацияға тек екпеге қарсы көрсеткіші жоқ қызметкерлер ғана кіргізілді. Патрульді полиция қызметінің инспекторы Айбек Құрамысов вакцина алғаннан кейін өзін қалай сезініп тұрғанын айтты. «Медициналық тексерістен кейін вакцинаның бірінші компонентін алдым. Өзімді бір қалыпты сезініп тұрмын, жұмыс орындамын. Вакцинацияның вируспен күресте көмегі тиетініне сенімдімін. Пандемия басталғаннан бері полиция қызметкерлері түрлі жағдайға ұшырап, вирус жұқтыру қаупі жоғары аймақтарда алдыңғы шепте жүр ғой» деді полиция аға лейтенанты. Вакцинация Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаментінің емханасында өтті.

№85 мектеп-лицейдің бастауыш сынып мұғалімі Айнұр Жансерікова бірінші

кезекте оқушыларының қауіпсіздігі үшін екпе алғанын айтты.

«Нақты нұсқаулықты берді. Сондай-ақ екпе алғаннан кейін алдағы 3 күнде болуы мүмкін белгілер туралы да көрсетілген. Бәрі қысқа да нұсқа, түсінікті тілмен жазылған. Біз еліміздің азаматы әрі патриоты ретінде екпе салдыруға келдік. Ешкім мәжбүрлеген жоқ. Бірінші кезекте балалардың қамы үшін салдық. Менімен бірге тағы 7 әріптесім келді» деді ол. Екпе салар алдында оларға екпені салу рәсімінің алғышарттары жазылған «Пациент бағдары» берілді. Егілген адамдар дәрігер бақылауында болады.

«Біз оларды алдын ала жасалған тізім бойынша шақырамыз. Оларды жалпы бір қарап, сосын екпе туралы ақпараттар береміз. Пациенттің келісімінен соң ғана егіледі. Сосын сол жерден кетпей, бөлмеде 30 минут отыра тұрады. Осы аралықта ешқандай аллергиялық әсері болмаса, үйіне жібереміз» деді «Шипагер» емханасының жалпы практикалық дәрігері Сандуғаш Зұлпхарова. Педагогтар мен тәртіп сақшыларына Қарағандыда өндірілген отандық Гам-КОВИД вакцинасы салынды.

ЖҰМЫС КЕРЕК ПЕ, РАДИОҒА ҚҰЛАҚ ТҮР!

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» мекемесі «Астана FM» радиосымен серіктестік орнатты. Енді қала тұрғындары қай мекемеге қандай маман керектігін, яғни бос жұмыс орындарын күнделікті 101.4 толқынынан ести алады.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығы директоры Азамат Байтасов пен бас қаланың басты радиосы «Астана FM» директоры Сымбат Талғатқызы іскерлік кездесу өткізіп, алдағы уақытта жұмыспен қамту мәселесінде серіктестік орнату туралы өзара келісім жасады.

– Жұмыспен қамту орталығына күнделікті 250-ге жуық әртүрлі жастағы жұ-

мыссыз азаматтар келеді. Олар – әлеуметтің осал топ мүшелері, мүмкіндігі шектеулі жандар мен пробация қызметінде есепте тұрған азаматтар. Біз жұмыс іздеген әрбір азаматтың мәселесін шешуге, яғни жұмыспен қамтуға мүдделі танытамыз. Біздің орталық арқылы өткен жылы 19291 азамат жұмысқа орналса, биыл жыл басынан бері 2805 тұрғынның жұмыс табуына қолдау көрсетті, – дейді орталық

директоры А. Байтасов.

– Тәулігіне 19 сағат эфирге шығатын «Астана FM» радиосының аудиториясы – нағыз жұмысқа қабілетті 16-55 жас аралығындағы азаматтар. Жұмыспен қамту аясын кеңейту мақсатында қалалық орталыққа эфирден арнайы уақыт бөліп, ақпараттық қолдау көрсететін боламыз, – деді «Астана FM» радиосының директоры Сымбат Талғатқызы.

НАУРЫЗДА ИГІ ІСТЕР ИГІЛІККЕ АЙНАЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласында Наурыз мерекесін тойлау «Қайырымды істер» ұранымен өтеді және мыңға жуық азық-түлік себетін тарату жоспарланған. Бұл туралы қала әкімі Алтай Көлгінов Instagram парақшасында жазды.



«Біз қаланың барлық тұрғынын белсенділік танытуға және мұқтаж адамдарға көмек көрсетуге, яғни қар күреу, дәрі-дәрмектерге бару, азық-түлік сатып алу секілді қайырымдылық шараларына шақырамыз. Адам өз

басындағы қиындығын еңсеру үшін жалғыз өзі ғана емес, өзгелердің де жәрдем беріп, қоғамның бір бөлшегі екенін сезінуі қажет.

Сонымен бірге коронавирусты жұқтыру қаупі әлі де бар екенін ұмытпаңыз. Әсіресе

мерекелер күндері адам көп жиналатын орындардан аулақ болған жөн. Бұл күндерді үйде, отбасымен бірге, яғни шағын ортада өткізген жөн. Демалыс күндері уақытты қызықты өткізу үшін қаланың мәдениет мекемелері теледидар мен әлеуметтік желілерде тікелей эфирде өткізілетін онлайн іс-шаралар кешенін дайындады. Олардың арасында концерттер, көрмелер, театрландырылған қойылымдар, тарихи-танымдық дәрістер мен конференциялар, акциялар мен конкурстар бар.

«Ігі істер» жалпыұлттық марафоны аясында елордалық еріктілер, меценаттар, кәсіпкерлер, белсенділер наурыз айынан бастап жалғызбасты зейнеткерлерге, қарт адамдарға, көпбалалы, әлеуметтік аз қамтылған және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға екі мыңнан астам азық-түлік себетін таратты. Қарлы күндері аулаларын қар мен мұздан тазартуға көмектесті. Іс-шаралардың бәрі санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып өткізіледі. Бұл игі істер мерекелер күндері де жалғасады» деді әкім.

ЗЕРДЕГЕ БЕЙІМДЕЛГЕН ЗЕРТХАНА

Кеше Білім басқармасы және Білім беруді жаңғырту орталығының ұйымдастыруымен №52 мектеп-гимназиясы базасында «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының зертханасы ашылды. Еліміздегі алғашқы зертхана педагогика ғылымдарының докторы, профессор Нұрша Оразахынованың ғылыми еңбегі негізінде жұмыс істейді.


Аталған зертхана Үкіметтің «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі» қаулысына сәйкес, «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын басшылыққа ала отырып, Нұр-Сұлтан қаласының орта білім беру ұйымдарында жүзеге асып жатқан «Профессор сабағы» жобасы аясында іске қосылды. «Қазіргі күні балаларымыз қазақ тілінің дыбыстарын дұрыс атай алмайтын дәрежеге жетті. Осыған байланысты балаларға Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми кешенін негізге ала отырып, сатылай кешенді оқыту әдісін 12 жылдан бері практикалық тұрғыда қолданып келеміз. Осы теорияны зерттеу жолында ерте гүлдеген болатын. Жапондар технологияларын зерттедім. Бірақ білім саласындағы тұнып тұрған кемшіліктердің шешуін Алаш арыстарының еңбектерінен таптым. Білімнің 90 пайызы мектепте берілуі



керек дейді ғой. Мен мектепте оқушыларға сабақ бергенде осы ұстанымды ұстанамын.

Сондықтан да шығар осы технологияның арқасында еліміздің түкпір-түкпірінен білікті қазақ тілінің мамандары шықты. Бүгін Білім беруді жаңғырту орталығының мұрындық болуымен осында зертхана ашылып жатыр. Алдағы уақытта республика бойынша онлайн режимде біраз жұмыс атқаруды жоспарлап отырмыз» деді технология авторы Нұрша Алжанбайқызы.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы қазақ тілінде ойын толық жеткізе алатын, ұлттық құндылықтарды бағалай білетін, қазақтың тарихы мен мәдениетін терең меңгерген, ұлттық санасы қалыптасқан, рухы биік көптілді, білімді тұлға қалыптастыру. Ғылыми зертхана базасының Бейімбет Майлин атындағы №52 мектеп-гимназиясында құрылуы да бекер емес. Себебі мектеп жанында инклюзивті білім беру мекемесі бар.




– Балаларымыз елордада үш ауысымдық мектепте оқиды. Білім ордаларын көбейтсе, бұл мәселе шешімін табар еді. Биыл осы бағытта қандай жұмыстар жоспарланып отыр?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Биыл барлығы 16 мектеп салуды жоспарлап отырмыз. Оқу орындарын салу кезінде ірі мектептерге көшеміз. Осы шаралардың арқасында биыл ғана 40 мыңнан астам оқушы орны құрылады. Демек, 2020 жылмен салыстырғанда оқушы орындарының саны 2 еседен астам, ал 2019 жылға қарағанда 4 есе ұлғаяды. Мысалы, өткен жылы 11 мектеп салынды. Бұл үш ауысыммен оқытатын мектептер санын 8-ден 4-ке дейін, ал тығыздалған режимі бар мектептер санын 22-ден 14-ке дейін қысқартуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар бірқатар мектеп жылыту қазандығынан орталыққа ауыстырылды. Бұл жыл сайын 100 млн теңгеге дейін қаражат үнемдеуге мүмкіндік береді. Мектеп құрылысына да жеке инвестиция тартамыз. Инвести-

циялық кеңестерде 30-дан астам жекеменшік мектептің құрылысы қолданды. Сонымен қатар кешенді жоспар аясында 5 жылдық кезеңге 50-ге жуық мемлекеттік мектеп салу жоспарланған. Сондай-ақ қолданыстағы оқу орындарына тиісті назар аудару қажет, өткен жылы 26 білім беру нысаны, соның ішінде мектептер, балабақшалар, колледждер жөндеді. Осы жылы да жұмыстар жүйелі деңгейде жалғаса бермек.



Дархан НЫСАНОВ, елорда тұрғыны:

– Демалыс күндері достарымызбен бірге боулинг орталықтарына барып, көңіл көтергенді жақсы көремін. Бірақ қазір осындай орындарға кіру ережесі өзгеріп жатыр деп естідім. Мұндай орталықтар енді қалай жұмыс істейді? Келушілерге қандай кедергісі бар?

Бұл сауалға Нұр-Сұлтан қаласының бас санитарлық дәрігері Сархат Бейсенованың жауабын ұсынамыз: – Елорданың бас санитар дәрігерінің 2021 жылғы 3 наурыздағы қаулысына енгізілген өзгерістерге сәйкес, боулинг орталықтары, компьютерлік клубтар, бассейндер «Ashyq» мобильді қосымшасын пайдалана отырып, өз жұмысын қайта бастады. Аталған қосымшаның жұмыс принципі кәсіпкерлік объектісіне QR-код және келушілерге түрлі түсті форматта мәртебе беруден тұрады. Келушілер QR-кодын кіру және шығу кезінде сканерлеу керек. Бұл ретте боулингке орын брондағанда

келушілерге қосымшаны алдын ала жүктеп алу туралы ескертіледі. Кірген кезде азаматтар бірден сканерлейді және өздерінің мәртебесін көрсетеді. Егер келушіде қосымша болмаса, онда телефоннан ЖСН колмен енгізіліп, мәртебесі анықталады. «Қызыл» мәртебе – қозғалысқа шектеу, өйткені адам амбулаториялық емделуде деген сөз, «сары» мәртебе – ішінара шектеу – ПТР байланыс ретінде болады, «көк» мәртебе – қозғалысқа шектеу, «жасыл» мәртебе COVID-19-ға теріс нәтижемен ПТР-тестілеуден өткен адам үшін шектеусіз қозғалысты білдіреді.



Есіл ауданы әкімдігінде Ғарыш тақырыбына арналған бейнероликтер байқауы басталды.



Байқауды Ғарышкерлер күні қарсаңында және ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Есіл ауданының әкімдігі мен «Қазақстан Ғарыш сапары» ҰК бірлесіп оқушылар арасында өткізуде. 15 наурызда басталып, 1 сәуірге дейін жалғасатын шараға қатысу үшін жұмысты ықшам дискіге

(CD) жүктеп, өз мәліметтеріңізбен бірге Қабанбай батыр даңғылы, 33 мекенжайындағы ұйымдастырушыларға тапсыру қажет. Жеңімпаздарға «Қазақстан Ғарыш сапары» ұлттық компаниясының ғимаратында әкс-курсия жүргізіліп, Ғарышкер Талғат Мұсабаевпен жеке кездесу өтеді.

ТОКИО

Жапондар өз елінің символы санайтын сакура осы аптада елдің батысында гүлдеді. Бұл туралы жұма күні Жапонияның ұлттық метеорологиялық басқармасы мәлім етті. Сакураның алғашқы гүлдеуі 11 наурызда Хиросимада басталды. Бір қызығы, биыл сакура ерте гүлдеді. Осы уақытқа дейін бұл аймақта бір-ақ рет – 2010 жылдың 10 наурызында ерте гүлдеген болатын. Жапондар сакураны өз елінің символы деп санайды және оның гүлі бейресми елтаңба мәртебесіне ие. Өткен жылы пандемияға байланысты жергілікті тұрғындар мен шетелдік туристер сакураның гүлденуін тамашалай алмады.



ПРАГА

Чехия астанасында жыл басынан бері жағдайы төмен адамдарға арналған жиһаз банкі жұмыс істейді. Қаланың Либуш ауданында ашылған банк аз қамтылған отбасылардың жиһаздар мен негізгі тұрмыстық техникаларға қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Банктің негізін қалаушы – әлеуметтік қызметтер орталығы қалалық бюджеттік мекемесі. Кез келген адам немесе фирмалар банкке керек емес жиһаздарын әкеліп тастайды. Барлық жиналған мүлікті әлеуметтік орталық пен оның аудандық бөлімдерінің қызметкерлері Прагада тұратын жағдайы төмен, мұқтаж адамдарға бөліп береді.

№31 (4155) 18/03/2021 Бейсенбі

35 КӨПҚАБАТТЫ ҮЙ СҮРІЛЕДІ

Аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Байжанов мүлік иелері бірлестіктерін құру мәселесіне арналған қоғамдық тыңдауда аудан аумағында тозығы жеткен 174 үй жөндеуді қажет ететінін айтты.



bi_barys01@mail.ru
Дәулет АСАУОВ

«Аудандағы тұрғын үй қорының сапасын жақсарту үшін 2020 жылы үйлерді түгелдей паспорттаған болатынбыз. Әр үйге төлқұжат жасап, проблемасын жеке-жеке қарадық. Паспорттау қорытындысы бойынша аймақта орналасқан 446 үйдің 206-сында ғана ақау жоқтығы анықталды. Сондай-ақ 174 үйге жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет» деді әкімдік өкілі.

Ал енді 53 үйдің жағдайы одан да мүшкіл екен. Оның ішінде 35 көпқабатты үйге тіпті жөндеудің өзі көмектеспейді екен. Осыған орай, ауданда ескі үйлерді сүру көкейтесті проблемаға айналып отыр. Оның алтауы 63-76 пайыз деңгейінде тозған. Ал 29 көпқабатты үй 33-59 пайыз ескірген. Тұрғын үй қатынастарын реттейтін заңнамаға сәйкес, егер ғимараттың 60 пайыздан астам көлемі ескірсе, онда мұндай үйлер міндетті сүрілуге жатады делінген.

Сонымен бірге, барак типіндегі 29 үйдің де сүрілетіні белгілі болды. «Барак типіндегі 29 үй сүріп тастауға жатады. Олардың тозу көрсеткіші 50 пайыздан асқан. Паспорттау қорытындысына сәйкес ақаулар анықталған үйлерді жамап-жасқау, ғимараттың пайдалану мерзімін ұлғайту мен сапасын жақсарту мақсатында жұмыс жоспары жасалды.

Бұл нысандар ескі үйлерді сүрудің 2023-2025 жылдарға жоспарланған үшінші кезеңіне енуі тиіс.

Аудан халқымен кездесу барысында жаңа заңнамаға сәйкес қолданысқа енген өзгерістерге байланысты басты назар мүлік иелері бірлестіктерін құру мәселесіне аударылды. «Тұрғындар арасында тұрғын үй шаруашылығын жаңғырту бағдарламасы белсенді түрде түсіндірілуде. Қазір 17 үйді осы бағдарламаға дайындап жатырмыз. Тағы 3 үйдің құжаты бір аптаның ішінде бітеді. Биыл 20 үйдің құжатын дайындасақ, қалғаны келесі жылға қалғалы тұр» деді Жасұлан Байжанов.

БІРЫҢҒАЙ ТАРИФ БЕЛГІЛЕУ ҰСЫНЫЛДЫ

іQamal кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар қауымдастығының басшысы Гүлвира Абетова Нұр-Сұлтан қаласы бойынша бірыңғай тұрғын үй тарифін бекіту туралы бастама көтерді.

Мүлік иелері бірлестіктерін құру мәселесіне арналған қоғамдық тыңдауда елорда бойынша тұрғын үй тарифін біріздендіру мәселе-

сі сөз болды. «Тарифті қайта қарау мүмкіндіктерін зерделеу керек сияқты. Елордада 1997 жылдан бері тарифі көтерілмеген үйлер бар.

Ондай үйлердің тұрғындары тарифтегі өзгерістерді айтарлықтай ауыр қабылдап жатады» деді іQamal қауымдастығының басшысы.

Бұл ұсынысты қолдаған қалалық мәслихаттың хатшысы Ерлан Каналимов тариф теңсіздігінің өзектілігіне тоқталды. «Қала бойынша нақты бір тарифті бекітуге болады деп ойлаймын. Бұрын тұрғын үй қорын күтіп ұстаудың ережелері болды емес пе? Осы тұстарды

ескере отырып, мәселені кеңінен қарау керек деп ойлаймын. Өйткені тарифтер шынымен де 15 теңгеден басталып, 120-150 теңгеге дейін барады. Мұның бәрі, бірінші кезекте, азаматтардың төлем қабілетіне байланысты» деді Ерлан Каналимов.

ЖАҢА ЖҮЙЕ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?



№1. ТҮРҒЫНДАР БАСҚАРУ ФОРМАСЫН ҚАЛАЙ ТАҢДАЙДЫ?

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң 2020 жылғы 7 қаңтарда қабылданды. Осы уақыттан бастап бір жыл ішінде (2021 жылғы 7 қаңтарға дейін) көпәптерлі тұрғын үй иелері жиналыс өткізіп, МИБ не қарапайым бірлестік құру туралы шешім қабылдайды. Жиналысқа тұрғындардың кемінде 51 пайызы қатысуы тиіс. Қабылданған шешімді меншік иелерінің кемі 26 пайызы қолдауы керек. Жиналыста басқару формасынан бөлек,

- үй кеңесі;
- ревизиялық комиссия;
- бірлестік төрағасы анықталады.

№2. МЕНШІК ИЕЛЕРІ БІРЛЕСТІГІ ДЕГЕН НЕ?

Меншік иелері бірлестігі – бір көпәптерлі тұрғын үй пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері құрған, кондоминиум нысанын басқаруды жүзеге асыратын, оны күтіп-ұстауды қаржыландыратын және оның сақталуын қамтамасыз ететін заңды тұлға ретінде тіркелген коммерциялық емес ұйым.

МИБ пәтер иелерінен құрылады. Оны басқаратын

төраға бір жылға сайланады. Аула сыпырушы, электрик, сантехник сияқты мамандар штатқа жұмысқа алынбайды. Олардың қызметін шарт бойынша сервистік қызмет көрсететін ұйым орындайды. Ай сайын жиналатын ақша сомасын тұрғындардың өзі белгілейді.

№3. МИБ-тің ПИК-тен ҚАНДАЙ АЙЫРМАСЫ БАР?

Пәтер иелерінің кооперативі:

- ПИК бірнеше тұрғын үйді басқарады.
- Кооператив құрамында пәтер иелерінен басқа тұрғын үйге қатысы жоқ тұлғалар болады.
- Сырттан келген басқару мекемелері тұрғындарға өздерінің қызметі мен тарифін белгілейді.
- Бірнеше үйге бір ғана шот ашады.

Меншік иелері бірлестігі:

- МИБ құрамына сол үйдің тұрғындары ғана кіреді.
- Әрбір үйдің басқару мекемесі болады.
- Сырттан келгендер тариф белгілей алмайды, олар тек МИБ-пен жасалған келісімшарт негізінде жұмыс істейді.
- Әрбір үйдің жеке есепшоты болады.
- МИБ тұрғын үйді күтіп ұстау бойынша ешқандай қызмет көрсетпейді, тек қызмет көрсететін субъек-

тілермен келісімшартқа отырады.

№4. ПИК ЖҰМЫСЫ ТҮРҒЫНДАР КӨҢІЛ-НЕН ШЫҚСА, БАСҚАРУ ФОРМАСЫН ӨЗГЕРТУ МІНДЕТТІ МЕ?

ПИК 2022 жылдың 1 шілдесіне дейін басқарушы немесе қызмет көрсетуші компаниялар болып қайта құрылуы шарт. Оған дейін МИБ не қарапайым сервистікпен қатар жұмыс істей береді. ПИК жұмысы тұрғындардың көңілінен шықса, бірлестік кооперативпен әрі қарай жұмыс істей алады. Бірақ ол қызмет көрсетуші кооперативпен келісімшартқа отыруы тиіс.

№5. МЕНШІК ИЕЛЕРІ БІРЛЕСТІГІН ТІРКЕУ ҮШІН ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАР ҚАЖЕТ?

- Өтініш.
- Жиналыс хаттамасы.
- Меншік иелері бірлестігінің жарлығы (МИБ-ті тіркеу кезінде тұрғындар типтік жарлықты тандаса, оны тапсыру қажет емес).
- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін бюджетке алымының төленгенін растайтын түбіртек (ақысы 1 АЕК – 2651 теңге).

№6. ТҮРҒЫН ҮЙ КЕҢЕСІ МЕН ТӨРАҒАНЫҢ МІНДЕТІ НЕ?

Тұрғындар жиналысын-

- жиналыста қабылданған шешімдер туралы ақпарат тарату;
- тұрғындар қабылдаған шешімдерді орындау.

№7. ЖӨНДЕУГЕ ҚАЖЕТ ҚАРЖЫ ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ?

Заң бойынша бірлестік төрағасы ағымдағы және күрделі жөндеуге арналған есепшотты міндетті түрде екінші деңгейлі банктерден ашуы керек. Алдымен ағымдағы жөндеуге жұмсалатын ай сайынғы төлемдер әдістемеге сәйкес есептеледі.

Ал күрделі жөндеу мәселесі тұрғындар қатысатын жиналыста көтеріледі. Заң бойынша күрделі жөндеуге қажет қаражат мөлшері: 1 шаршы метр үшін – 13 теңге. Тұрғындар жөндеуге одан көбірек сомада қаржы жинай алады.

№8. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БАҒАСЫ ҚАЛАЙ БЕЛГІЛЕНЕДІ?

Заңда қызмет көрсету бағасын белгілеу әдістемесіне өзгерістер енгізілген. Соның ішінде бірлестік төрағасы үй кеңесімен бірлесе жылдық шығыстар сметасын әзірлеп, жиналысқа шығаруы керек. Тұрғындар қолдаса, сол жылдық сома әр шаршы метрге, одан соң 12 айға бөлінеді. Бұл сома тұрғын үйдің:

- конструкциясына;
- салынған жылына;
- көлеміне және тағы басқа ерекшеліктеріне байланысты шешіледі.

№9. МИБ ТОЗЫҒЫ ЖЕТКЕН ЛИФТІЛЕРДІ АУЫСТЫРА АЛА МА?

Жергілікті бюджет қаржысы жеткілікті болса, МИБ-тің лифтілерді ауыстыруға құқығы бар. Бірақ міндетті түрде осы мәселеге қатысты жиналыс өткізілуі керек. Онда тұрғындар лифтіні ауыстыруға келісім беруі шарт. Содан соң жергілікті атқарушы орган жергілікті бюджеттен бөлінген ақшаға лифтілерді ауыстырса, тұрғындар ол соманы қайтарып беруі керек.

Мұндай тәжірибе Нұр-Сұлтан қаласында бар: лифтіні ауыстырғанға әрбір пәтер иесі ай сайын 2500-3000 теңге қосымша ақы төлейді.



8 МЫҢНАН АСА АДАМҒА ЖӘРДЕМДЕСТІ

Елордалық «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы 2019 жылдың тамыз айында ашылды. Бүгінге дейін орталық мамандарына 70344 мәселе бойынша 50672 адам жүгінді.

naima.kz.2012@bk.ru

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

Жобаның мақсаты – қиын жағдайға тап болған әрбір отбасыға психологиялық, әлеуметтік және құқықтық көмек, сонмен қатар, отбасы институтының дамуына жан-жақты қолдау көрсету.

Орталық «бір терезе» принципіне негізделіп, қала тұрғындарына (көпбалалы, толық емес, әлеуметтік аз қамтылған, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға және т. б.) және азаматтардың жеке-леген санаттарына кешенді консультациялық қызметтер көрсетеді.

Орталықта мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың жұмысы ұйымдас-тырылған, Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы, Халықты жұмыспен қамту орталығы, Тұрғын үй қоры, Отбасы банкі, «Кәсіпкер ана» биз-несті қолдау және дамы-ту орталығының өкілдері бір жерге топтасқан. Осы жерден көпбалалы, толық емес, аз қамтылған, ерекше

қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасы-лар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар өздерін мазалаған сұрақтар бойынша кәсіби мамандардан кеңес алады.

Сонымен қатар ор-талықта қиын жағдайға тап болған отбасыларға психологиялық, әлеумет-тік және құқықтық көмек көрсетіледі. Қала әкімі және оның орынбасарла-ры көпбалалы аналарды осы жерде қабылдайды. Тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыру мақсатында өзіне-өзі қызмет көрсету бөлімі ұйымдас-тырылған. Компьютер, интернетпен жабдықталған сектор техникалық мүм-кіндігі жоқ азаматтарға әлеуметтік қызмет көрсету порталдарында жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Жыл басынан бері ор-талыққа 8833 сұрақ бойынша 8488 адам жүгінді. Оның ішінде 5234 мәселе бойынша жүйелі кеңес берілді, 3599 мәселені шешуге тиісті шаралар қабылданды.

«Жанұя» орталығы Бейбітшілік көшесі, 14 ме-кенжайында орналасқан, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс істейді.

«ЕҢБЕК» НӘТИЖЕСІН БЕРДІ

Жыл басынан бері 109,7 мың адам Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына қатысты. Нәтижесінде 100,4 мың жұмысқа орналасса, оның 32,8 мыңы тұрақты жұмыспен қамтылған.



Бағдарламаның бірінші бағыты аясында қысқа мерзімді курстарға 236 азамат жіберілді. Өз ісін ашу үшін 1,2 мың адам мемлекеттік грант алды.

Субсидияланатын жұмыс орындарына 68,6 мың адам жұмысқа орналасқан, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарына – 9,7 мың, жастар практикасына – 5,1 мың, қоғамдық жұмыстарға – 53,8 мың адам.

Еңбек ресурстарының ұтқырлығы шеңберінде 35 отбасы немесе 97 адам қоныс аударды, оның ішінде 47 адам еңбекке қабілетті жаста. Еңбекке қабілетті 23 адам жаңа тұрғылықты жерде тұрақты жұмысқа тұрды.

Өткен жылы «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына 649 мың адам қатысқан. Оның 437,3 мың жұмысқа орналастырылды, 319,2 мыңы тұрақты жұмысқа тұрды. Жаппай кәсіпкер-лікті дамытуға 12,7 мың микрокредит және жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 44,9 мың мемлекеттік қайтарымсыз грант берілді.

Қысқа мерзімді оқыту курстарына 18,7 мың адам жіберілді, ал ТЖБ ұйымда-рында оқытумен 18,4 мың адам қамтылды.

Бұдан басқа, еңбек ре-сурстарының ұтқырлығын арттыру шеңберінде жұмыс күші артық өңірлерден құра-мында 5,8 мың адам бар 1,8 мың отбасы қоныс аударды.



КӨК ТЕҢІЗГЕ КӨШ ТҮЗЕГЕН

12 мыңға жуық отандасымыз Анталияны мекен етіп, қоныс аударушылардың көш басына жайғасты.



qaliakbarzk@gmail.com
**Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Қазақстаннан қоныс аударған қандастарымыздың алдымен ат басын бұратын жерінің бірі Түркия десек, түбі бір түрік еліне қоныс аударғандардың дені «Түркияның туристік астанасы» атанған Анталияға жайғасады. Түркияның ең атақты курорттық аймағы саналатын бұл қалаға, соңғы мәлімет бойынша, әлемнің түкпір-түкпірінен келген 94 мың 294 шетелдік тұрғын қоныстанған. Міне, осы 100 мыңға жуық тұрғынның арасында саны жағынан Ресей мен Қазақстан азаматтары көш бастап тұр. Яғни Ресейден – 18905 адам, Қазақстаннан 11537 адам Анталияға көшіп барған. Ал үшінші орында – немістер, 9615 неміс азаматы қоныс аударса, төртінші орында – ирандықтар. Олардың саны 6703 адамды құрайды.

Анадолы агенттігі хабарлауынша, Түркия статистика басқармасының ақпаратына сәйкес, 2019 жылы 2 511 700 адамды құраған Анталия халқы соңғы 2 жылда шамамен 1, 5 пайызға артып, халық саны 2 548 308-ге жеткен.

Анталияда мыңға жуық «жұлдызды» отель бар. Оның 400-і – «5 жұлдызды» қонақ үйі. Саяхат саласы ерте дамыған Испанияның өзінде мұндай көп «5 жұлдызды» қонақ үйі жоқ. Анталияда жаз маусымында 3 мыңнан астам гүл жұмыс істейді. Туристік агенттіктер санының өзі 1600-ден асады. Сондай-ақ Анталияда 640 шақырымдық жағалау, 1000-ға жуық ежелгі қала бар. Анталия мәдениет және туризм басқармасының мәліметінше, бір турист осы өңірде

демалуға шамамен 700 доллар ақша жұмсайды. Әрине, гольф ойнап, 5 жұлдызды қонақ үйге демалуға келгендер мұның сыртында. Міне, бұл – Анталияның туристерді магнитіне тартатын басты ерекшелігі. Іңдет басталмас бұрын Анталияға жылына Ресей, Ұлыбритания, Германия, Қазақстан, Нидерланд, Ауғанстан, Индонезия, АҚШ, Жапония, Малайзия сынды 90-ға жуық мемлекеттен орта есеппен 15 миллион турист келеді екен. Анталия мәдениет және туризм басқармасының мәліметінше, қазақстандықтар осы қалаға саяхаттап келетін шетелдік туристердің алдыңғы бестігіне кіреді. Мәселен, 2013 жылы Қазақстаннан Анталияға 260 мың турист барса, 2018 жылы бұл көрсеткіш 300 мыңнан асқан. 2019 жылы Түркияға келген 50 миллионға жуық саяхатшының да көбі Анталияда демалған. Былайша айтқанда, Түркияға саяхаттай келген саяхатшының 60 пайызы алдымен Анталияны таңдайды.

Анадолы агенттігінің мәліметінше, 2020 жылдың қазан айында пандемияға қарамастан Анталияға демалуға келген Украина, Қазақстан және молдовалық туристер саны 2019 жылдың қазан айымен салыстырғанда біршама өскен. Себебі «туристік астананың» көптеген қонақ үйлері 150 түрлі санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін «салауатты туризм» сертификатын алған. Нәтижесінде бір ғана қазан айының өзінде Анталияға демалуға 700 мың турист келсе, мұның ішінде қазақстандық туристердің саны 7130 адамға жеткен.

Туристер мен Анталияға қоныс аударушылардың көбеюіне мұрындық болған тағы бір маңызды түйін – Анталиядағы бағаның арзандығы.

Қазір әлеуметтік желіні ақтарса қалсаңыз «Түркиядан қалай үй сатып

алуға болады?», «Анталияда пәтер бағасы қанша тұрады?»... деген секілді ақпараттар ұдайы ұшырасады. «Түркиядан үй сатып алдым, бұл жақта мүлік Қазақстаннан арзан. Өмір сүруге де ыңғайлы» деп мақтанып, теңіз жағасында түскен суретін, сатып алған үйін желіге салып, елді қызықтырып отырған отандастарымыз да аз емес. Олардың арасында қалталы байлар, әнші, өнерпаздар, қарапайым тұрғындар да бар. Әнші Алтынай Жорабаева мен Қарақат Әбділдинаның Түркиядан үй сатып алғаны жайлы ақпараттың әлеуметтік желіде едәуір дүмпу туғызғаны – әне соншыл дәлелі. Былайша айтқанда, кезінде Түркиядан тек байлар үй алса, қазір әл-ауқаты орташалар да пәтер алатын, Нұр-Сұлтан мен Алматыдағы пәтерін сатса, Анталия, Стамбулдан үй алуға болатын деңгейге жетті. Ендеше, Анталиядан пәтер сатып алу соншалықты оңай ма?

Қазір әлеуметтік желіде Түркиядан үй сатып алуға көмектесіп, ортадан нәпақа табатын алысатарлар да көбейген. Үй сатып алатын қазақстандықтар көбейген соң ба, соңғы кездері Анталиядағы үй сататын серіктестіктер де қазақ, орыс тілдерінде қызмет көрсете бастаған. Олардың сөзіне сенсек, қазір қазақстандықтар Түркиядан баспанадан өзге, жер телімін де сатып алып жатқан көрінеді. Мұның басты себебі Түркияда лираның құнсыздануынан үй бағасының арзандауы қазақстандықтар үшін үлкен мүмкіндік туғызған. Мәселен, Анталияда бұрын 100 мың АҚШ доллары тұратын екі бөлмелі үйді қазіргі уақытта 50-60 мың долларға алуға болады. Бұл Қазақстанның Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларындағы бағамен қарайлас. Сатып алған үйді туристік агенттіктер

арқылы жалға беріп, ақша табуға да мүмкіндік бар. Әнші Алтынай Жорабаеваның айтуынша, ол жақта үй бағасы Қазақстаннан әлдеқайда арзан. «Қазақстанда жеті жұлдызды тұрғын үй кешенінен 3 бөлмелі пәтерді 160 мың АҚШ долларына ала аласыз ба? Әрине, жоқ. Ал Түркияда бәрі арзан» дейді ол Қазақстан тілшілеріне берген сұхбатында. Шынымен де биыл жыл басында зейнетке қорындағы ақшаның бір бөлігіне үй алу туралы әңгіме шықпалы және пандемияның әсерінен құрылыс материалдарының қымбаттауынан Қазақстанда үй бағасы тіпті шарқатпай кетті. Өткен жылы 10-12 млн теңге тұратын пәтерлер биыл 15 млн-ға таяды немесе одан асып жығылды.

Демек, Анталиядағы арзаншылық пен Арқадағы қымбатшылық бірқатар отандастарымыздың көк теңіздің жағасына көш түзеуіне мұрындық болды. Оның үстіне, Түркияда жылжымайтын мүлік сатып алған адам бірден тіркеуге алынады, яғни жыл бойы сол елде жүруіне кедергі жоқ. Ал енді Түркияға инвестиция құйсаңыз, азаматтық алу да еш қиын емес. Міне, бұл отандастарымызға бір елден өріс, бір елден қоныс сыйлаған басты мүмкіндік десек қателеспейміз.

Әрине, біз бұл мақаланы Анталияның туристік әлеуетін таныстыру үшін жазып отырғанымыз жоқ. Шынымен айтқанда, «Анталияда 11537 қазақстандық тұрады» деген ақпараттың өзі бізге ой салды. Бұл бір жағынан, кәсіп және жайлы мекен іздеп шетел асып жатқан отандастарымыздың қатары өсіп отырғанын аңғартса, енді бір жағынан, олармен бірге Қазақстанның едәуір қаржысы, адами ресурсы шетелге кетіп жатқанын түсіндіреді. Бұл – ойланатын жайт.

ЖАҒАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ



АЛПЫС СПУТНИКТИ АСПАНҒА ШЫҒАРДЫ

SpaceX компаниясының Falcon 9 зымыран тасығышы байланыс үшін қолданылатын 60 спутникті орбитаға шығарды. SpaceX компаниясы бұған қоса 9 рет ұшырылған зымыранын 9 рет қондырып, рекорд жаңғыртты.

«Америка дауысы» сайтының мәліметінше, екі сатылы зымыран жексенбі күні таңертең Флорида штатындағы Кеннеди ғарыш айлағынан ұшырылған. 9 минуттан соң ұзаққа жарамды зымыранның алғашқы сатысы Атлант мұхитындағы ұшқышсыз платформаға келіп қонған. Бірнеше күн бұрын өзге Falcon 9 зымыран тасығышы Канаверал мүйісіндегі көрші айлақтан әуеге көтерілген болатын. Екі зымыран да Starlink-тің 60 спутнигін орбитаға шығарған. Осылайша SpaceX-тің 1440 аппараттан құралатын спутниктер тобын құрастыру туралы амбициялық мақсатының орындалуына жақындай түсті.



НАРАЗЫЛЫҚ ҚАНТӨГІСКЕ ҰЛАСТЫ

Осы аптада Мьянманың әр қалада өткен наразылық шаралары кезінде 38 адам қаза тапты. 80-ге жуық адам жараланып, жүзге жуық адам ұсталды. Бұл ресми мәлімет, бейресми деректерге қарағанда қаза болғандар саны 70-ке жуықтады деген сыйбыс бар. Әскери хунта осыдан кейін елдің ең ірі қаласы Янгонның екі ауданында әскери жағдай тәртібін орнатты.

14 наурыз күнгі қақтығыстың өршуіне Қытай иелігіндегі бірқатар зауыттың өрте орнаны да себеп болған. Назарлы әскери төңкерістің артында Қытай тұр дейді.

Биыл 2 ақпанда Мьянмада әскерилер «былтыр қарашада өткен парламент сайлауының нәтижесімен келіспейміз» деген желеумен төңкеріс жасап, елдің лидері Аун Сан Су Чжиді, президент Вин Мьинтти және басқа да белді шенеуніктерді қамауға алды. Сонымен ел билігінің тізгіні ел әскерін басқарған генерал Мин Аунг

Хлайнның қолына өтті. Осыдан кейін ел тұрғындары жаппай наразылыққа шығып, әскери билікке қарсы шықты. Олар Аун Сан Су Чжиді босатып, демократиялық тәртіпті қалпына келтіруді талап етіп жатыр. Ақпанның соңынан бастап әскерилер наразыларға қару қолдана бастады. 27-28 ақпан күндері өткен наразылық акцияларында полициямен қақтығыста 18 адам қаза тауып, отыздан астам кісі жараланса, 8 наурызға дейін 50-ден астам адам ажал құшты.

ӘЛЕМ-ЖӘЛЕМ ӘЛЕМ



ЙЕМЕНДЕ ЖАҒДАЙ УШЫҒЫП БАРАДЫ

Йеменде соңғы күндері үкімет күштері мен хусит жасақтары арасында қақтығыс күшейді. Осыдан бірнеше күн бұрын Үкімет әскері хуситтерге әуеден соққы жасап, 20 шақты адамды жер жастандырды әрі Хаджа мен Абс провинциясының бірнеше ауданын бақылауына алған еді.

Уақиғадан кейін кек аламыз деп жар салған хуситтер Мариб қаласын зымыранмен атқылап, салдарынан 2 адам қаза тауып, 7 адам жарақат алды. Бомбаның бірі қаладағы базар маңына түскен. Йеменде қақтығыс 6 жылдан бері жалғасып келеді. Соғыстан 130 мыңнан аса адам қайтыс болып, миллиондаған тұрғын ашаршылыққа ұшырады. 2015 жылы басталған соғыста хуситтер Йеменнің көпшілік бөлігін басып алды.

Өткен айда АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Франция елдерінің сыртқы істер министрлері Йемендегі соғысты тоқтатудың ортақ шарасын ақылдасқан еді. Алайда жағдайдың аяқ астынан ұшығуына қарағанда Йемендегі соғыс өрті бүгін-ертең басыла қоймайтын секілді.



АҚШ РЕСЕЙГЕ САНКЦИЯ САЛМАҚ

АҚШ президенті Джо Байденнің әкімшілігі келесі аптада Ресейге санкция салуды жоспарлап отыр. Бұл туралы CNN хабарлады. Осы аптада АҚШ Ұлттық барлау қызметі 2020 жылғы президенттік сайлауға Ресей мен Иранның араласпақ болғаны туралы баяндама жариялаған болатын. Осыдан кейін Байден әкімшілігі екі елге санкция енгізу мәселесін ойласа бастаған.

АҚШ Ұлттық барлау қызметінің 15 беттік баяндамасында Путин Байденнің беделін түсіру туралы бұйрық бергені жазылған.

Құжатта Трамптың одақтастары Мәскеу мүддесіне сай әрекет етіп, ресейшіл қызметкерлердің Байденді сынауына атсалысқаны да айтылды. Әзірге Ресей тарапы бұған қатысты мәлімдеме жасаған жоқ. АҚШ барлау қызметі Ресейден бөлек, өзге де бірқатар елдердің сайлау қорытындысына ықпал етпек болғанын анықтаған. Америка барлау қызметінің сарапшылары сонымен бірге Куба, Венесуэла және ливандық радикал топ «Хезболланың» сайлауға араласуға тырысқанын да атап өтеді.



ЕГІЗДЕР САНЫ ЕСЕЛЕП АРТТЫ

Әлем ғалымдарының жүргізген зерттеулеріне сәйкес соңғы жылдары жар шарында егіздердің саны еселеп артқан.

Статистика бойынша жыл сайын әлемде шамамен 1 млн 600 мың егіз туады екен. Егер өткен ғасырдың 80-жылдары әр 1 мың әйелдің ішінде 9-ы ғана егіз бала туса, қазір мыңның ішінде 12-сі дүниеге егіз әкеледі. Мамандар Еуропада, Солтүстік Америкада және Океанияда егіздердің көбеюіне медицинаның дамуына ілесе 1970-ші жылдардан бастап жасанды ұрықтандыру және аналық безді ынталандыру әдісінің қолданылуы себеп болды деп санайды. Сонымен қатар әйелдердің кешігіп балалы болуы, туудан шектелу тәсілдерінің көбеюі және туу денгейінің төмендеуі де әйелдердің жасанды жолмен ұрықтанып, бір жолда екі эмбрион салдыруы да себеп болып отыр.

Қазіргі уақытта Африка мен Азия елдеріндегі егіздердің саны әлемдегі егіздер санының 80 пайызын құрайды.



АЛЫП КЕМЕ СУҒА ТҮСТІ

Жақында Сен-Назар кеме жасау зауыты (Франция) жасаған адамзат тарихындағы ең алып кеме – Harmony of the Seas суға түсті. Royal Caribbean International круиздік компаниясына тиесілі бұл кемені жасауға екі жарым жыл уақыт жұмсалды.

Кеменің ұзындығы Эйфель мұнарасынан да ұзын, яғни – 362 метр, 18 палубасы бар, су ығыстыру мөлшері 200 мың тоннадан асады! Бұл атақты «Титаник» кемесінен жүз метр ұзын. Сыйымдылығы да «Титаник»-тен бес есе артық.

Алып кеме алдымен Ұлыбританияның Саутгемптон портына келді, осы арадан Роттердамға алғашқы рейсін

жасайды. 9 мыңға жуық жолаушы мен экипаж мүшелерін қабылдай алатын бұл кемені су бетінде қалқыған қала деп атауға болады. Тіпті тікұшақ қонатын алаңы да бар.

Кемеде 77 елден келген 2100 экипаж бар. Ішінде футбол алаңының үлкендігіндегі саябақ бар. Онда 10 мыңнан астам өсімдік өседі.



АРЫСТАРЫМЫЗДЫ КҮСТӘНАЛАУ АБЫРОЙ ӘПЕРМЕЙДІ

XX ғасырдың басында мақтанарлық әрі мақтарлық оқыған, тоқыған, ұлт мүддесі дегенде ішкен асын жерге қояр қазақ жастары – нағыз интеллигенттер аз емес еді. Оның ішінде «Алаш азаматтары» аталып жүрген шоғырдың орны бөлек. Ал Сәкен Сейфуллинге келетін болсақ, ілім-білім болсын, тарихи таным деңгейінен болсын, тіпті ұлтқа сіңірген еңбегі болсын, тұстастарынан кейде шамалас, кейде оқ бойы озық болғанын өмір өзі дәлелдеп отыр.

Өкініштісі, Алаш азаматтары ақталған тұстан бастап Сәкеннің басына «бұлт үйіргісі» келетіндер пайда болды. Ондайлардың мақсат-мүддесі Сәкеннің төңірегіне жақын жүргендерге етене таныс болғанмен, жалпы көпшілік «ұзыңқұлаққа» иланып, дүрмекке ілесіп, даурығып жатады.

Сәкен тарапына айтылған сындар мен тағылатын кінәраттардың авторлары Алаш азаматтары ақталған тұста аяқастынан «алаштанушы» болып шыға келді. Сол алаштанушылар тұңғыш алаштанушы, ахметтанушы кім екенін біле ме екен?

28 жасар совнарком Сәкен Сейфуллин 1923 жылы 28 қаңтарда наркомпосты Ахмет Байтұрсынұвтың 50 жасар мерейтойына атап өту қарсылығына қарамастан, Орынбордың ең үлкен 1000 адамдық Свердлов атындағы театрында Ахаңды сахнаға қолтықтап шығып,

президиумға отырғызып, салтанатты жиналыста: «Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады. Өзге оқыған мырзалар шен-шекпен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді» деп, Ахаңның ағартушы, лингвист, этнограф, әдебиеттанушы, түркітанушы, сыншылығына зор баға бере келе, «Ахмет Байтұрсынұвтай ұлт жанашырлары көзі тірісінде бағалы білгіміз керек» дейді.

Сәкен Сейфуллин бұл құттықтау сөзін 1923 жылы 30 қаңтарда шыққан «Еңбекші қазақ» газетіне толық жариялаған. Міне, осылайша, қазақ тарихында тұңғыш ұлт зиялыларының мерейтойын тойлау Ахаңнан бастау алғанын, «Алаштану» ілімінің басында Сәкен тұрғанын кейінгі

«алаштанушылар» білмейтіні өкінішті.

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының «Үш жүз» партиясы мен Алаш азаматтарының арасындағы бір-біріне деген көзқарас, қарым-қатынас жақсы болмағаны тарихтан белгілі. Сәкен оған араша түсіп: «Үш жүздің» «Бөкейханды және кейбір Алаш көсемдерін мінегенде «орыстан қатын алған», «балдары орыс», «дін бұзғандар» дегені – үлкен шатасқандық. Өз жолын өзі анық білмегендік. Әрине, ол уақытта бәріміз де сара жолды қолмен сипалап жүрген кезіміз еді. Бірақ, әлгіндей сөздер тым оғаш шыққан қате. Бізді сырттан билеп, партиясына жазып алған Шәймерденге мұны айтып, мен хат жаздым. Және бұл партияның беті мен әдісі олай болатын болса, біз қосыла алмайтынымызды айттым. Менің хатыма жауап болған жоқ. «Үш жүз» бастықтары Алаш көкжалдарына керексіз сөздерді айтып, қазаққа боқтай берді» деп Сәкен ақиқатын айтып, шындықтың шыр айыны шығарып, әділдігін жазған (С.Сейфуллин, «Тар жол, тайғақ кешу», 1927.104-бет).

1922 жылдың желтоқсанда Қазақ АКСР Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалған Сәкен, «Еңбекші қазақ» газетінің бас редакторлық міндетін 1925 жылға дейін қоса атқарды.

Халық комиссарлары кеңесіндегі пәрменді, өмірі бітпейтін жұмыстар бір адамға аздақ қылмайтынын Сәкен өте жақсы білді. Осыған қарамастан Сәкен екі тізгінді қатар ұстап, өзінің шын азамат екенін, көздегені өзінің мансабы емес, елдің өркендеуі екенін анық танытты. Сәкен Совнаркомдегі күндіз атқарылған мәнді істерді түнде газетке жазып отырды. Осы екі қызметті қоса атқарған уақытта Сәкен публицистикасының басым көпшілігі, ең аз дегенде екі жүздей мақала, хабарлары жарияланды. Және олары үлкен әлеуметтік, мемлекеттік мәселелерге арналды.

«Қазақты қазақ дейік, тарихи қатені түзетейік» деген ашылығы ұдай мақаланы 1923 жылдың 15 ақпанында жазды. Сәкен ашу-ызаға толы осы мақаласын «бүгінгі шейін қазақты орыстар «киргиз» деп келеді, ...Орыс төрелердің қатындары игіне ұрысқанда: «Ах, ты Палкан, киргиздан да жамансың» дейтін. ... Қазақты қорқытқанда көзін алартып, тісін қайрап: «У, у, у, киргиз!» деп ызбарланып айтатын» дегендерді бүгін оқудың өзі қиын. Большевиктер дәуірлеп тұрғанда ауызкей айту былай тұрсын, газетке жазудың өзі қаншама қақыр-қайратты талап еткенін ойлай беріңіз.

«Басқа жұрттан бұрын өзімізді өзіміз «киргиз» дейміз.

Бұл біздің әлсіздігімізді көрсетеді» деп, «Қазақстан орталық өкіметі «киргиз» дегенді қойып, «қазақ» деген есімді қолдануға жарлық «декрет» шығару керек. «Қазақты қазақ дейік, тарихи қатені түзетейік» деп 1923 жылы ұсыныс жасады. Қазақ тілінде жазылған олар республиканың шовинист басшылары үкімет бастығының ұсынысына дереу құлақ асқан партия, кеңес органдары болмай, әйтеуір Орта Азиядағы жер бөлінісінің дүмпүймен 1925 жылдың жазында, V съезде әрең дегенде тарихи атымызға ие болдық-ау. Соны көтерген Сәкеннен басқа кім болды осы кезде? Біреудің еңбегін біреуге ойланбай, білмей таңа салатындардың осыдан хабары бар ма екен?

Осы стратегиялық ойдың жалғасын Сәкен көп тостырған жоқ. Партияның ұлт мәселесін алғаш және соңғы рет арнайы қараған XII съездің шешіміне арқа сүйей отырып Сәкен күні бүгінге дейін қиыны табылмай келе жатқан қазақ тілі мәселесін көтерді. 1923 жылы 9 маусымда «Кеңес істерін қазақ тілінде жүргізу керек» деген атақты мақаласын жариялады 1923 жылдың 22 қарашасында Орталық Атқару комитетінің декретін қабылдады.

Кеңесдегі істерді қазақ тілінде жүргізу бүкіл республика көлемінде 1924 жылдың 1 шілдесінен басталатын

болды. «Бұрынғы және қазіргі үкіметтердің саяси тарихында мұндай айрықша мәні бар шара болып көрген емес» деп қуанған Сәкен игілікті істің бірден қарқын алып жеткіне кедергі жасамақ жағымпаз төресымақтардың «Біреу ұлтшыл деп айтады...» деп бой тартады. Одан қымсынбай, айылын жинамай іске кірісе беру керектігін айтып 9 мақала жазды. Совнарком тарапынан бұйрық беріп, қолынан келгенін бәрінен жасады. Не керек, бұл мәселе бүгінге дейін өз пәрменділігін жоғалтқан жоқ.

Сәкеннің осындай ұлтжандылығына риза болған Алаштың көрнекті өкілі Әлімхан Ермеков: «Сәкенді «қызылдар» жағында, ал біздерді «орда» жағында болды демесендер, Сәкен бізден гөрі әлдеқайда ұлтшыл еді» деген болатын.

Сәкеннің мемлекет қайраткері ретінде тағы да бір айрықша қайрат-құш жұмысаған саласы оқу-ағарту ісі болды.

«Қазаққа оқу бұрын бір мәртебе керек болса, енді мың мәртебе керек. Оқусыз қазақтың болашақтағы күні қараң. Енді бір жиырма жылдың ішінде қазақ өнерлі халықтардың қатарына қосылуы керек» деген түбегейлі бағдарламасы бар Сәкен Сейфуллин өзі үкімет басында отырғанда республиканың жарытымыз бюджетінің тең жарымын оқу-ағарту саласына бөліп, Өлкелік партия комитетінен ескерту алған кезі де болды. Соған қарамастан мансабымынан айырылып қалам-ау деместен, жер-жерлерде мектептер аштырып, кеңес үкіметіне көңілі толмай қырын қарап жүрген оқығандарды ағарту майданына тартып, игілікті іске араласқандарды

қолдап, демеп, газет-журналдарға жазды. Оқу орындарының жатақханасына барып, асханадағы тағамдарының жұғымдылығына дейін назар аударып, шетелдер мен Мәскеу-Питерге, өнерлі қалаларға топ-тобымен қазақ жастарын оқуға алдыртып, стипендия тағайындай, бастан-аяқ киіммен жабдықтады.

Сәкен – үлкен қоғам қайраткері. Бұл – жарлықсыз, маңдасыз берілетін атақ. Халық оған лайық деген азаматты ғана аспанға көтереді, махаббатына бөлейді, қадірлейді. Осының бәрі – бір Сәкеннің тұлғасына табылуы тарихта өте сирек кездесетін бақытты сәт. Міне, осы қасиеттер Сәкенді басқа қайраткерлерден дара-лап, тарих бетінен жарқырап көрінуіне мүмкіндік берді. Ал Сәкеннің қазақ руханиятына әдебиеті, мәдениеті, өнеріне сіңірген еңбегі орасан. Ол – бөлек әңгіме.

Сөз соңын Сәкентануға 60 жыл құмырын арнаған әдебиеттанушы, ғалым ағамыз Тұрсынбек Кәкішұлының: «Сәкеннің қазақ халқының тарихындағы, әдебиеті мен мәдениетіндегі ерекше биік орнына дақ түсірейік, қараулық жасамай, адамгершілік, азаматтық өреден көрінуге тиістіміз. Мұны саналы да, санасыз да, басы да, қосы да мықтап ұғып алғаны ләзім» деген ойымен тұжырымдаймыз.

Өткенге топырақ шашып, арыстарымызды күстәналау – ешкімге опа әпермейтін тірілік.

Серік ОСПАН,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, сәкентанушы

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРДЫ КӨП КӨРМЕҢІЗ!

Отыз жылдың ішінде халық саны 2 миллиондай ғана өскен, оның 1 миллионы – шетелдерден оралған қандастар. Бұл жайт мемлекеттік органдарды ойландыруы тиіс. Қазіргі қоғамда көпбалалы отбасының қадіріне жетіп, абыройын асырып жүрміз бе? Жоқ, әрине. Баспаналы болып, балабақшаға баласын беріп, тегін білім мен үйірмелері қолжетімді, бас ауырып, балтыр сыздағанда сапалы медициналық қызмет болса, әрине, көпбалалылардың мәселесі алға шықпай, олардың мұңын білмес те едік.



uaisova.a@mail.ru
Айгүл УАЙСОВА

«Елу жылда – ел жаңа» деген сөз рас екен, алды оннан асырып, бала туған аналарымыздың қыздары қазір жер ортасына жетті. Бірді-екілі баламан тоқтағандардың дені осылардың арасында жүр. Аз тұрғандан асып кеткені аз. Дегенмен, бұлардың балланақтық бала туатынын кезеңі тоқыраудың соңы, қайта құрулардың басы мен тоқсаныншы жылдардың қым-қуыт кезеңінен қатар келіп, көпбалалы болуды ойламады. Санап келгенде демографиямызды ойсыратып жібергенін кейін білдік.

Енді солардан туған бірлі-жарымдар бүгінде ержетіп, отау көтеріп, балалы болатын шағанда тағы ұрпақсыз қалатын түрі бар. Өйткені ерлердің белсіздік ауруы белең алып барады. Бұрындары беделдік әйелдердің бойында болса, бүгінде баласыз жұптардың жартысына жуығының ұрпақсыз қалуы күйеулерінің кінәратынан болып отыр. Бұл мәселе мемлекет деңгейіне дейін жетті. Қолдан ұрықтандыруға көшіп, тіпті ұрық тапшылығынан оны шеттен алдырып, жеті атасы белгісіз, бойға бітсе болды дегендей балшықтан бала жасап жатқан жайымыз бар.

Қазіргі қазақтың отбасында мүгедек балалар көптеп дүниеге келуде. Бұл да – басымызға түскен зобалаң. Дәрігерлер оны қоршаған ортамыздың ластануынан, жеген азығымыздан, ішкен сумыздан көреді. Одан қалды, жастар ерте бас құрамайды, оқу оқып, қызмет қуып жүргенде алтын уақыты өтіп жатыр. Тәуекел етуге тұрмыс

қиыншылықтары да кедергі. Жартыкеш отбасылар саны да күннен күнге артып келеді. Қыздар өздері үшін бір-бір бала туып алып, әкесіз өсіруді әдетке айналдырды. Қазіргі әкелердің де жауапкершілігінің артып тұрғаны шамалы екен. Алимента төлемей, борышкер атанғандар да солар, тастандылардың көз жасы да – осылардың жауапкершілігінде. Бабаларымыздың «әйел нан жабарға, бала тууға келеді» деген сөзі мына заманда еске салудың өзі ерсі болып қалды.

Осындай күрделі мәселелерге қоса, елдің әлеуметтік-экономикалық факторларлары қай жағынан алып қараса да, бала туу, қазақтың санын арттыру тұрғысында айтарлықтай тұсау. Көпбалалы отбасыларын қолдау, көп аналарға жәрдем беру жүйесі бір жолға қойылмаған, соның ықпалымен осы санаттағыларға басқалардың алақөзбен қарауы, көпбалалы аналарды қоғамның сорлысы етіп көрсету қалыптасып келеді. Көп бала туу – кемдіктің, кедейліктің көрінісіндей, қоғамдағы ауытқушылық ретінде саналатын жағдайға жеттік.

Әсіресе, соңғы кездегі қыршынынан қиылған сәбилердің күйігі қоғамды екіге бөлді. Бірі бұл үшін жергілікті билікті даттаса, енді бірі бес бірдей ботасынан айырылып, екі дүниенің ортасында қалған анасы мен әкесін күстәналады. Кейбірі отбасын неге жоспарламайды, өсіріп-бағуын неге ойламайды, пәтерде жүріп баланы неге туа берген деп жатыр. Жаны ашымастық қасында басың ауырмасын деген. Жоғарыдағы айтқанымыздай, қазақтың шаңырағы баласыз мазарға айналып келе жатқанында, бесікте бала тербетілмей, бұрымдыларымызға ана болу бақыты

бұйырмай тұрғанын қалай айтып, қалай ұғындырамыз?

Көшеге шықты деп көпбалалы анаға қалай ренжіміз? Асылы, табиғатында көп бала туатындардың табиғаты бөлек, кең пішіледі. Оларға жаратушымыз өзгелерден гөрі аналық мейірімді артық беріп, жүрегің кең жаратса керек. Әйтпесе, алақанына бес бауырсақ сыймайтын, маңдайы тырысып, құрсағы тар әйел бес баланы дүниеге қалай әкеледі? Көпбалалылардың бәрі – имандылардан. Құдайдан қорықпа, бойына біткенді түсік жасап, күнәсің мойнына арқаласа, кім қой депті. Демек, көпбалалы аналарды құрметтеуіміз керек. Олардың қоғамдағы орнын нақтылап, бір рет акциялардың көлемінде емес, тұрақты және лайықты түрде қолдау көрсетуді талап ету керек. Халықтың көсегесін көтертетін ұрпақ әкеліп отырған ардақтыларымыз деп қарауымыз керек. Кейлегіне жамау сұратқандай бейшаралыққа жеткізіп, бала туғаннан халықты жерендіру дұрыс емес.

Балалы болу, оны жеткізу әдісіне емес. Мамандар есептеп көріпті, ананың бір-күнді тірлігі темір ұстасының бейнетімен бірдей екен, соншалықты қажырлылық талап етіп, күш жұмсайды екен. Ал бізде анасы баласымен үйде отырса, екі қолы алдына сыймай ерігіп отырғандай көреміз. Әрине, бітпейтін үйдің майда тірлігі, қазан қайнатып, ыдыс жуу кім-кімді де қажытады. Жоқшылық бір жағынан қысса, қиынның қиыны.

Сол үшін жергілікті жерлерде отбасын қолдау жүйесін жетілдіріп, заман талабына сай қауіп-қатер-тәуекелдерді ескере отырып, қайта қарау керек.

Кешегі бес бала неден өлді? Қараусыз қалғаннан.



ОСЫНДАЙ ОТБАСЫЛАРЫНЫҢ АНАСЫ СЫРТТАҒЫ ЖҰМЫСТАРЫН ТЫНДЫРЫП, БАЗАРЫНА БАРЫП КЕЛЕТІН КЕЗДЕРІНДЕ НЕГЕ ҚОҒАМДЫҚ КӨМЕКШІ ТАҒАЙЫНДАП БЕРМЕСКЕ?

Енді шашымызды жұлып жазғарғанмен, кеткен балалар қайта тіріліп келмесе. Тағы да періштелерімізден айырылып, қайғыдан қан жұтып қалмас үшін не істеу керігін ойлайық. Осындай отбасыларының анасы сырттағы жұмыстарын тындырып, базарына барып келетін кездерінде неге қоғамдық көмекші тағайындап бермеске? Жаңадан штат ашып керегі жоқ, жалғыздікті қарттарға, мүгедек жандарға бекітілген көмекшілердің қызмет аясын кеңейтіп, бір бөлігін жас балалы жандарға

да ауыстыру қажет. Негізі жас балалы аналарға енесі не анасы, одан қалды басқа да туыстары, егер ақшасы болса көмекші шақырып лаждайтын. Жақындары көпбалалы үйдің тірлігіне қайырласатын. Қазір бәрі өзгеріп, әркім өз тірлігін өзі күштеп, өзінің қара басынан артылмайтын заман тұды. Ендігі жерде, қоғамдық көмекші мемлекет тарапынан болып жатса, балалары жетіліп кеткенге дейін сен болар еді.

Бұрындары шешелеріміз оннан бала тапқанда екі ай ғана декретте болып, жұмысынан қалмайтын. Ол кезде бір көшенің, тіпті бір ауылдың тұрғындары – түгелдей көпбалалы. Бірін-бірі жетелеп, бірін-бірі арқалап жетіліп кететін қариялардың бір көзі айналасындағы балаларда болатын. Сырттан келген жау болмайтын, қараусыз және қалмайтын. Бір ортада өмір сүрген біздердің жасы үлкені кішілерімізге жауапты болудан

басқа міндетіміз жоқ еді. Бір қалыпта бір деңгейде өмір сүрген соң, көршіден артық көйлек киіп, олардан артық тамақ жеу деген сияқты нәрсе туындамайтын.

Қазір олай емес. Көшеден көретіні бар, интернет ол жалаңдап тұр. Жоқшылықтың құрсауындағы балаға дұрыс тәрбие беру өте қиын. Демек, көпбалалы аналарымызға әлеуметтік-психологиялық, керек десеңіз, педагогикалық мамандарды тартып, қолдау керек. Үйдегі ұрыс-керіс, түсініспеушілік, балалармен қатынасы, тағысын тағы мәселелерде жас балалы анаға кеңесші керек. Әлеуметтік бағыттағы сауықтыру оңалту орнындағы анасынан балаларымен жіберіп демалдырып алса, оң болар еді. Отбасылық демалысты ұйымдастыруды жолға қою аса қажет. Өздеріңдей көпбалалы отбасылардың балаларын көріп араласқаннан кейін, балалардың ойы өзгеріп, өздерін қоғамның

ҮЙДЕГІ ҰРЫС-КЕРІС, ТҮСІНІСПЕУШІЛІК, БАЛАЛАРМЕН ҚАТЫНАСЫ, ТАҒЫСЫН ТАҒЫ МӘСЕЛЕРДЕ ЖАС БАЛАЛАЫ АНАҒА КЕҢЕСШІ КЕРЕК. ӘЛЕУМЕТТІК БАҒАЙТАҒЫ САУЫҚТЫРУ ОҢАЛТУ ОРЫНДАРЫНА АНАСЫН БАЛАЛАРЫМЕН ЖІБЕРІП ДЕМАЛДЫРЫП АЛСА, ОҢ БОЛАР ЕДІ!

қораш ұлдарындай сезінбейді. Түрлі спорттық жарыстар, отбасымен туризм, отбасымен театрлар мен концерттерді тамашалаудың жолын қарату керек. Осындай мекемелерде әлеуметтік құрылымды дамытып, айына бір рет болса да бала-шағасымен әке-шешелерінің тынығу қалуына мән бергеніміз жөн. Көпбалалы ана «Керуен», «Мега», «Хан шатыр» сияқты демалыс орындарын айналып кездестіріп, «әлеуметтік күн» белгілеп, бизнес иелерінің жауапкершілігін арттыру қажет.

Баланы екінші бірі туа алмайды, туған анаға жағдай жасап, қазағымыздың қарасын көбейтпесек, қазақтың ендігі буынын басқа ұлттар қолбаламай жұмсайтын болады. Басқалардың баласын біз бағатын боламыз. Кейде жергілікті жерлердегі көпбалалы аналарға арналған жартыкеш бағдарламалардың тиімсіз нәтижесіне қарап, қынжыласың.

Қалай айтқанда да, көшеге шыққан аналарды қолдамаймыз, аналардың осылай жүргенін де қаламаймыз. Сол үшін мемлекет бұл мәселені қайта қарап, әлеуметтік қолдау тетіктерін қайта бұрандасамас, шетінеп кеткен сәбилерге күндердің күнінде жүрегіміз де ауырмайтын безбүйрек қоғамға, келешегі жоқ халыққа айналамыз.

ҚАРА НАРДЫҢ ҚАСИЕТІ, ӨМІРШЕҢ ӨСИЕТІ

«Таланттар раушан гүлі сияқты,
жан-жағына жұпар шашады. Көңіл ашады...»
Шерхан МҰРТАЗА



Ербол Ісләмұлы да дәл сондай айналасына мейірім-шуағын шашқан талант еді. Оны ұлт, тіл жанаһыры, білім саласының қара нары ретінде таныдық.

2011 жылы қолыма диплом алып, арман арқалап Астанаға келгенімде сенім артар көп танысым жоқ еді. Он шақты мектептің табалдырығын тазығаныммен еш нәтиже болмады. Түйндемедім көргеннен кейін еңбек өтілім болмағандықтан, жұмысқа қабылдай алмайтындықтарын айтып, шығарып салды. Содан кейін ұстазым Бағила Сайлаубайқызының ақыл-кеңесімен Ербол Ісләмұлы басшылық ететін мектепке баруға бекіндім. Бір күн бұрын Ербол ағаға қоңырлау шағнамда қаланы білмейтін маған ол кісі мейірімді үнмен уақытша орналасқан мекенжайымды сұрап, сол жерден мектепке қандай автобустың баратынын, қай аялдамадан түсу керектігін, шамамен қанша уақыт жол жүретініме дейін толық түсіндірді. Ертеңінде белгіленген уақытта барып, жолықтым. Жылы қабылдады. Қай ұстаздардан білім алғанымды, курстық, дипломдық жұмыстарымды қай тақырыпта қорғағанымды сұрады. Бізге білім берген небір мықты оқытушы, мұғалім қарағандай ғалымдардың аттарын тізіп, мақтанышпен атап шықты. Ербол Ісләмұлы ұстаздарымының көбіні өте жақсы таниды екен. Ұстазы Қайым Мұхамедханов жайлы да сұрақ қойды. Барлық сұрағына мүдірмей жауап беруге тырыстым. Ол кісі де Тұрсын Жұртбайдың жетекшілігінде Қайым Мұхамедхановтың 10 томдық жинағын құрастырып жатқандағы жаңалықтарымен бөлісті. Мектеп, басшы жаныма жылулық ұялатып, іштей осы білім ордасына жұмысқа орналасқым келді. Ербол ағамен сөйлескеннен кейін мұғалім болуға деген құшпынысым да одан сайын арта түсті. Алайда осыған дейінгі мектептердің барлығы жұмысқа қабылдамаған соң «бұл мекеме де бір себеп айтып қайтара ма?» деген алаңдаушылық болды. Сондай ойдың жетегінде отырып, коллежді де, институтты да қызыл дипломаға бітіргенімді айтып қалдым. Сол кездегі Ербол ағаның жауабы мені бір жағы уялтты, бір жағы ойлантты.

«Мектепте дипломның түсі маңызды емес. Бастысы, мұғалім өз мамандығы мен алдында отырған оқушыларын жан-тәнімен жақсы көре білуі керек» деді. Одан кейін Астананың қымбат қала екенін ескертіп Ербол аға: «Мектепте бары 5-ақ сағат. 5 сағаттың жалақысы өте аз. Бірақ жұмысы өте көп. Осыған күн көремін, келісемін десең, кел. Әрі қарай бәрі тек өзіңе байланысты» деді. Осылайша, 5 сағаттық жұктеммен еңбек жолымды бастадым. Сол кезден бастап Ербол Ісләмұлы бізге директор ғана емес, ұстазымызға, жанаһыра ағамызға айналды.

Сол 2011 жылы менімен қатар 10 шақты жас маман жұмысқа орналасты. Алғашқы күні-ақ Ербол Ісләмұлы барышымызды кабинетіне шақырып, мектепке екінің үйіміз ретінде қарап, тәжірибелі ұстаздардың сабағына күнде қатысып, әдістемелік жағынан шыңдалуды тапсырды. «Бос жүрмендер. Өздерің сабақ беретін сыныпты, оқушыларды зерттеп жүріңдер. Оқушыларға да ғылыми зерттеу бағытында тапсырма беріңдер» деген кезінде енді жұмысқа орналасқан жас мамандар бір-бірімізге таңданыспен қарады. Оны байқаған Ербол аға: «Қиын ештеңесі жоқ. Студент кездерінде қорғаған курстық, дипломдық жұмыстарыңды еске түсіріңдер. Мектеп өміріміз байланыстырып, шақтап, оқушыға бағыт беріңдер. Күнделік арнаңдар. Өзгерістерді сонда жазып отырыңдар. Бір айда нәтижені байқайсыңдар» деді.

Содан кейін Ербол ағаның бағыт-бағдар беруімен өзі тандап берген Меруерт есімді оқушы ғылыми жобалар байқауынан ІІІ орын алғанда менің құанышымда шек болмады. «Жас маман жетекке ере білуі керек. Тәжірибелі ұстаз үйретсе, ескертсе, «мен білемге» салынбай, тыңдаушы келсе. «Мен өзім білем» деген ұстаныммен жүретін жас маман ешқашан өспейді. Ұжым – үлкен күш. Өрдайым көмекке келіп, бір-бірінді қолдаңдар. Өзгені сыйлау арқылы өздеріңді де сыйлата біліңдер» деп баса айтты.

Ербол ағаның осы сөздерін санама сіңіріп, құлағымға құйып алдым, әлі де ұстанып келемін. Жетекші ұстаз ретінде ешкімді бөліп-жармай, жастығыңа қарамай, үлкен шараларға, байқауларға қатыстыратын. «Жас келсе – іске» қолынан келеді» деп сенім білдіретін. Сол сенімі бізге тау қопарардай күш беретін.

Ербол аға оқушылар мен ұстаздарға екі жағдайда кітап сыйлайтын. Біріншісі жанадан қабылданған жас мамандарға алғашқы кәсіби мерекесі, ұстаздар күнінде кітаптың ішіне «Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға!» деген Абайдың сөзімен бастап, өзінің жылы лебізін жазып, табыстайтын. Екіншісі ұстаз өзі немесе оқушысы сыйласа қатысып, жеңіске жетсе, іле-шала ұжымда құттықтап, кітапты өзінің қолтаңбасымен сыйлайтын. Жалпы, Ербол Ісләмұлы – білім саласының білгірі, ұлағатты ұстаз ғана емес, тілдің, ұлттың жанаһыры болғаны баршаға мәлім. Сонымен қатар спорт пен өнерге асуітігін де көпшілік біледі. Ол кісінің арқасында ұжымдағы мұғалімдер мектепшілік шаралармен ғана шектеліп қалмай, қаладағы театр, музей сияқты мәдени орындарға жиі баруды дәстүрге айналдырды. Тіпті өнер төресі театрға жас мамандарды ертіп, өзі бастап баратын.

«Қазақ баласын 3-ақ ауыз сөзбен тәрбиелеген...» Жас маманның ұжымда тұрақтап қалуы қаншалықты өзіне байланысты болғанмен, Ербол ағаға қарап, басшылықтың да ықпалы зор екенін байқадық. «Мен басшымын» деп шалқайып күресуде отырғанын көрмедім. Үнемі ұжыммен, оқушылармен бері жүретін. Үстез ретінде Абайдың қара сөздерін жан-тәнімен түсіндіріп, қазақ тілінің заңдылықтарын оқушыларға шеберлікпен үйрететін. Мұғалімдер арасында өтетін ғылыми-зерттеу конференцияларға, әр байқауларына, спорттық сайыстарға да ұжымды өзі алға бастап, бірге қатысатын.

Жыл сайын 5 қаңтарда оқушылар қысқы демалыста болса да, мектебімізде Қайым Мұхамедхановтың туған күніне арналған шаралар өткізу дәстүрін қалыптастырды. Ербол Ісләмұлы жаңашылдықты ұмтылатын мықты көшбасшы, зерттеуші мұғалім еді. «Қазақ баласын 3-ақ ауыз сөзбен тәрбиелеген. Ол: «ұят болады, жаман болады, обал болады». Ұят болатын, жаман болатын істерден аулақ болыңдар, обал болады дегенге ойланыңдар!» деп оқушылардың құлағына құятын.

Мұғалімдермен өткізілетін әр жиналыста өзі оқыған кітаптармен бөлісіп, газет-журналдарын арқалап, дайындалып келетін де: «Мұғалім деген үнемі оқып, дамып отыруы керек. Ізденуін тоқтатса, тоқырайды» дейтін. Әлкей Марғұлан мектебі бір белеске көтерілсе, оның артында Ербол аға тұр. Мектеп Марғұлан есімін иеленгендіктен, Әлкей Марғұлан туралы әр кабинетке буклет әзірлетіп, оқушыларға таныстырудан жалықпайтын. Әлкей Марғұлан маршының сөзін жазып, оқушылармен бірге шығаратын. «Марғұлан» журналын шығарып, балаларды шығармашылыққа баулыды. Мектепте «Марғұлан» олимпиадасын, Марғұлан оқуларын, ғылыми конференциялар өткізіп, қалдық республикалық деңгейде өтуіне атсалысты. Сондықтан 11 мамыр ғалымның туған күні мектебіміз үшін үлкен мереке саналып келеді.

Біздің мектептегін кейін Ербол Іргейбай елордамыздағы жаңа Оқушылар сарайының басшысы болды. Ол жерде де көптеген іс-шаралар ұйымдастырып, ауқымды жобаларды жүзеге асырғанын көрдік. Ербол ағада «Қазақ баласы білімді болсын, өспіні!» деген бір-ақ мақсат болды. Осы жолда аянбай еңбектенді. Айналасына да адалдықтың, парасаттылықтың үлгісін көрсетті. Мұғалім де, оқушы да, ата-ана да жақсы көріп, сыйлайды. Бәрінің құрметі зор. Мына фәни дүниеден бақиға аттанғанна қырық күн болған Ербол ағаның билетін жандардың оны ешқашан ұмытпайтыны сөзсіз. Қазаққа бергенінен әлі де берері мол еді.

«AMANAT DRIVE» тұтыну кооперативі мүшелерінің жалпы жиналысы 2021 жылғы 25 наурызда сағат 11.00-де, Нұр-Сұлтан қаласы Қонаев көшесі 12, 4-ЖО мекенжайында өтетінін хабарлаймыз.

Кооператив мүшесі Кооператив кеңесінде тұрғылықты жері бойынша жазбаша сырттай дауыс беру арқылы да шешім қабылдай алады.

Күн тәртібі:
1. Кооперативтің бухгалтерлік және заңдық аудиті бойынша есептерді тыңдау және бекіту.
2. Кооператив төрайымы Дошманова Лариса Бекболатовнаның 2020 жылғы 09 сәуір мен 2021 жылғы 25 наурыз аралығындағы өз жұмысы кезеңінде атқарған жұмысы мен ақшалай қаражаттың жұмсалуды туралы есебін тыңдау және бекіту.
3. Құрылтай құжаттарын, бухгалтерлік құжаттарды, Кооператив мүшелерімен жасалған шарттарды, Кооператив мүшелеріне сатып алынған көлік құралдарына арналған құжаттарды, кадрлық және өзге де құжаттарды, есептерді, жүргізілетін іс қағаздарын, негізгі құралдарды Қонилбай Қалдыбекович Шукуновке тапсыру-қабылдау актісі бойынша беріп төрайымы Лариса Бекболатовна Дошманованың өкілеттігін тоқтату.
4. «AMANAT DRIVE» тұтыну кооперативінің төрағасы лауазымына Қонилбай Қалдыбекович Шукуновты, ЖСН 820720351085 сайлау.
5. Кооперативтің Жарғысын жаңа редакцияда бекіту.

«Е-АПОСТИЛЬ» ҚАНАТҚАҚТЫ ЖОБАСЫ
Ағымдағы жылдың ақпан айынан бастап Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен мемлекеттік қызмет көрсетудің «Е-апостиль» пилоттық жобасы енгізілді.
«Қазақстан Республикасының әділет органдарынан және өзге мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі қызмет алушыларға әділет органдарымен электронды үкімет порталы арқылы көрсетіледі. Яғни, Қазақстан азаматтары үшін аталған қызмет түрін әлемнің қай түкпірінде болса да ала алатын мүмкіндік туы.
Электронды форматтағы мемлекеттік қызметті алу туралы өтініш жолдау барысында, мемлекеттік бақ салығы төленгеннен кейін апостиль қойылатын құжаттың сканерленген нұсқасы ұсынылады. Бұл туралы қызмет алушының «жеке кабинетіне» өтініш түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметтің қызметке сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі жіберіледі.
Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін,

демағыс және мереке күндері жүгінген кезде, еңбек заңнамасына сәйкес, өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.
Ұсынылған құжаттарды тексеру қорытындысы бойынша мемлекеттік қызметті көрсету немесе бас тарту туралы шешім қабылданады.
Көрсетілетін қызметті алушының өтініші мен ұсынылған құжаттары заңнама талаптарына сәйкес келген жағдайда, лауазымды адам апостиль-деуге жататын құжатқа электрондық апостиль қалыптастырып қызметті алушының «жеке кабинетіне» порталына жібереді.
Электронды апостильдің соңында қызмет берушінің электронды парақшасының мекенжайы (веб-парақшаға сілтеме) көрсетіледі.
Аталған мемлекеттік қызмет сұрақтары бойынша Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментіне 32-32-95 телефон арқылы хабарласуға болады.

Бағжан САЛМОНОВА,
Нұр-Сұлтан қаласы Әділет департаментінің бас маманы

Нұр-Сұлтан қалалық және Сарыарқа аудандық Ардагерлер кеңестері Ұлы Отан соғысының ардагері, **КАРИМОВ Жүнісбекті** 95 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтайды.
Сізге және отбасыңызға амаңдық, саулық, құт-береке, қуаныш тілейміз.

Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыру

Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурс өткізу туралы хабарлайды.

Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының (бұдан әрі – жұмыс тобы) сандық құрамы 9 адамды құрайды, олардың 3-еуі – мемлекеттік органның өкілдері, 6-уы – коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері және Қазақстан Республикасының азаматтары.

Конкурс Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1194 қаулысымен бекітілген Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ереженің талаптарына сәйкес коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, Қазақстан Республикасының азаматтары арасында өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
 - 2) коммерциялық емес ұйымның жұмыс тобының мүшелігіне кандидатура (болған жағдайда) ұсыну туралы жазбаша ұсыныс;
 - 3) кандидаттың кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер;
 - 4) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі.
- Коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері мен азаматтар қатарынан жұмыс тобының мүшелерін сайлау жөніндегі конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау 2021 жылғы 19 наурыздан - 6 сәуір аралығында жүргізіледі.

Құжаттар Нұр-Сұлтан қаласы Бейбітшілік көшесі, 11, 218-кабинет мекенжайы бойынша «Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының аппараты» ММ-ге ұсынылады немесе maslihat_org@mail.ru электрондық поштаға жіберіледі.

Ашықтық пен объективтілікті қамтамасыз ету мақсатында жұмыс тобының отырысына коммерциялық емес ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатарынан байқаушылар қатыса алады.

Байқаушы болуға ниет білдірген адам ағымдағы жылғы 19 наурыздан - 6 сәуір аралығында Нұр-Сұлтан қаласының мәслихатына жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурсқа байқаушы ретінде қатысу үшін 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Анықтама телефондары: 55-66-31, 55-66-37.

Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережеге 1-қосымша

Нысан Кімге

(республикалық деңгейдегі мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті деңгейлердегі өкілетті органның атауы)

тұратын (елді мекен, көше, үй, пәтер) кімнен

(өтініш берушінің А.Ә.Т., жеке куәлік № _____, берілді (қашан, кім))

Өтініш

Қоғамдық кеңесті құру жөніндегі жұмыс тобының мүшелігіне қосу үшін өз кандидатурамды ұсынамын.

Мен осы өтініш арқылы «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелерімен танысқанымды растаймын және оның талаптарын сақтауға міндеттенемін.

Мынадай құжаттарды қоса беріледі:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____

20__ ж. «__» _____ Өтініш берушінің қолы

Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережеге 2-қосымша

Нысан Кімге

(республикалық деңгейдегі мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті өкілетті органның атауы)

тұратын (елді мекен, көше, үй, пәтер) кімнен

(өтініш берушінің А.Ә.Т., жеке куәлік № _____, берілді (қашан, кім))

Өтініш

Қоғамдық кеңесті құру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсқа байқаушы ретінде өз кандидатурамды ұсынамын.

Мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

20__ ж. «__» _____ өтініш берушінің қолы

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 10.03.2021 №505-812

Әкімдіктің кейбір қаулыларының күштері жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 37-бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 25 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңы 1-бабы 31-тармағының 16) тармақшасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:
 - 1) «Өсімдік шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызметтің қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 30 қазандағы № 102-1961 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 975 болып тіркелген, 2015 жылғы 26 желтоқсанда № 145 (3350) «Астана ақшамы», № 145 (3368) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланды);
 - 2) «Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 30 қазандағы «Өсімдік шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызметтің қызметтер регламенттерін бекіту туралы» № 102-1961 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 3 тамыздағы № 102-1581 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 1130 болып тіркелген, 2017 жылғы 3 қазанда № 117 (3622) «Астана ақшамы», № 117 (3640) «Вечерняя

Астана» газеттерінде жарияланды) күштері жойылды деп танылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:
 - 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;
 - 3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
 - 4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Қ. Солтамабековке жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі **А. Көлгінов**

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің облысының/қаласының Әділет департаменті Нормативтік құқықтық акті 12.03.2021 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіміне №2-1-1310 болып енгізілді



«САРЫАРҚА» ӘСЕМ ӘНГЕ БӨЛЕДІ

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Мемлекеттік академиялық филармониясының «Сарыарқа» фольклорлық ансамблінің «Ән-жырым – Сарыарқа» атты Наурыз мерекесіне арналған концертті өтті.

Кеш барысында Мәдениет саласының үздігі Нұрай Танабаев, Күнсұлу Турлыбекова, Шығыс Махан және республикалық байқаулардың лауреаттары Тельман Нұрқенов, Берік Омаров, Данияр Мұқан, Нұржан Мейірхан, Айдос Оңғарбай, Жандос Иманбай, Омар Райхан секілді дәстүрлі әншілер әулетіп ән салып, күмбірлетіп күй төгіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

«Ұлттық мерекені тойлауда филармонияның үздік өнер иелері жұртшылыққа керемет көңіл-күй сыйлады. Наурыз мейрамына байланысты өткен концерттің негізгі мақсаты: халыққа рухани азық беріп, қазақтың дәстүрлі аспаптық және әншілік өнерімен сусындату еді» дейді «Сарыарқа» фольклорлық ансамблінің көркемдік жетекшісі, Мәдениет саласының үздігі Тоғжан Жахин.

Сонымен бірге концертте Б.Айсының «Наурыз күйі», Қайрақбайдың «Тел қоныр», Б.Дөненбайдың «Жеке батыр», Д.Рақышевтың «Наурыз тойы», А.Жұмашевтің «Наурыз вальсі» секілді шығармалары да орындалды.

Жақында «Астана Опера» театрының жетекші солисі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жұпар Ғабдулина «Достардан махаббатпен» атты онлайн-концерт өткізді. Қазақстанның халық әртісі, өрелі өнерпаз Ерік Құрманғалиевті еске алуға арналған ғажайып кеш үш елдің сахнасынан көрсетілді.

Талантты опера әншісі Жұпар Ғабдулина өз сөзінде осындай айтулы концертке қатысу – өзі үшін үлкен құрмет екендігін атап өтті.

– Биыл мәдени қауымдастық әлемге әйгілі опера әншісі, таңғажайып дауыс иесі, алып, Қазақстанның халық әртісі Ерік Құрманғалиевтің туғанына 62 жыл толуын атап өтуде. Ол бірегей орындаушы болды. Оның өте сирек кездесетін нәзік дауысын еліміз ғана емес, барша әлемде таныды, жақсы көрді. Ерік классикалық музыканың түрлі жанрлары, соның ішінде барокко, батыс еуропалық және орыс пен қазақтың халық әндерін тамаша орындаған, – деді өнерпаз.

Онлайн-форматта өткен халықаралық концерт көрсетіліміне Ерік Құрманғалиевпен әр жылдары бірге жұмыс істеген музыканттар мен оның жақын достары белсенді атсалысты. Жоғарыда айтып өткен өнер ордасының Камералық залында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Астана Операның» жетекші солисі Жұпар Ғабдулина «Астана Опера» концертмейстері Жанар Ахметовамен бірлесіп, тыңдарманға көркем көңіл-күй сыйлады. Сонымен бірге кеш барысында Ресейдің еңбек сіңірген әртісі, Үлкен театрдың солисі Лариса Рудакова (сопрано), Үлкен театрдың солисі, халықаралық байқаулардың лауреаты Рустам Яваев (контртенор), пианист әрі музыкатанушы Александр Котовицкий «Израиль Операсының» солистері Алексей Канунников (бас-баритон), Лилия Грецова (сопрано), Борис Костинский (контртенор), София Лещинская (меццо-сопрано), Илона Тойвис (сопрано) және Израиль операсының концертмейстері Александр Ивановпен бірге өнер көрсетіп, зор қошеметке бөленді.

Музыкалық бағдарламаның тағы бір ерекшелігі концертке қатысушылар Ерік Құрманғалиевтің репертуарындағы туындыларды орындады.

ҮШ ЕЛДІҢ САХНАСЫНАН ШЫРҚАЛДЫ



ЖЕЛІДЕН
ЖАЛҚЫ ЖЫР

Несіпбек АЙТҰЛЫ,
ақын, Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты

ТӨРТТАҒАНДАР

Атылып, қырылса да аш-жалаңаш,
Ұлт үшін қанды майдан ашқан Алаш!
Сағынған туған жерін қазақ түгіл,
Жылайды топырағынан көшкен ағаш.

Кісіге қолы таза күдік болмас,
Ұры жоқ жылқы көрсе құрық салмас.
Тартылған Арал қайта толғанменен,
Жалғанда «құлқын» деген құдық толмас.

Сақтасын апатынан елді құдай,
Күн қайда еркін жүрген кер бұғыдай?
Кең-байтақ жердің үсті былай қалып,
Жер астын тонап жатыр ендігі бай.

Бес тиын алшандаған ердің құны,
Болмаса арқасында елдің жүгі.
Аспаны аударылып-төңкерілер,
Тұрса да табанында жер кіндігі.

Қонады қанды көрсе құзғын жерге,
Япыр-ау, жем болмадық біз кімдерге?
Шығарып зұлмдықтың ат үстіне,
Қүдірет, қиянатқа тізігін берме!

Жемқорлық жоғарыдан құлдай шапты,
Көрем деп кім ойлаған бұл найсапты?
Атып-ақ тастар едім мылтығым жоқ,
Найзаның заманы емес ырғай сапты.

Аяндап жетпіс деген жастан астық,
Табанды қиядағы тасқа бастық.
Жоқ екен жетпейтіндей ештеңе де,
Жастықта әр нәрсеге бос таластық.

Көп дүние көшіп кетті белден асып,
Сандалдық сүрлеуінен енді адасып,
Діндарлар жәннат бар деп жамырайды,
Есігін кім бар бірақ көрген ашып?

Айғайлап, аласұрып тынды бәрі,
Көшеді басымыздан бұл күн әлі.
Уақыттың әділ соты айқындайды,
Халықтың қасіретіне кім кінәлі?

1.03.2021

КӨНЕ КІТАППЕН ТОЛЫҚТЫ

Қолжазбалар және сирек кітаптар Ұлттық орталығының қорына «Елорда ақпарат» ЖШС-нің заңгері, әріптесіміз Әсет Қайырхан нағашы атасы мен әжесінен мұра болып қалған көне «Қалам Шәріп» кітабын (Құранның таңдамалы сүрелер жинағы) тапсырды.

azamat_esenzhol@gmail.com

Азамат ЕСЕНЖОЛ

Бұл қасиетті кітап 1901 жылы Қазан қаласындағы баспаханада басылған, биыл жарыққа шыққанына 120 жыл толады. Атадан балаға мұра болған асыл жәдігердің тарихы да тым тереңде жатыр. Оны Әсеттің өзі айтып берді.

– Мен нағашы атам Сатыбай мен апам Қайшағайдың бауырында өсіп, солардың тәрбиесін алдым. Марқұм апамның қазақты оюмен бедерлеген көк сандығы болатын, соның ішінде ертеден келе жатқан көне шапандар, ішіктер сақталған. Апам оны күн жылысымен далаға шығарып, бір уақ кептіріп алады. Бала күнімде сол сандықты ашып көруге құмар болдым, апам соны ашар кезде мен де қасына жетіп барып, төніп тұрушы едім. Ол кісі болса «кет өр» деп қуып жібереді. Кейін есейе келе сол сандықтан ақ матаға оранған қасиетті Құран кітапты көрдім. Апам оны да жылына бір-екі рет күнге алып шығып, қайтадан орап қоятын. Ол кісінің өзі бес уақыт намазын қаза қылмаған жан. Студент күнінде апамнан сол кітаптың қайдан келгенін сұрадым. Сөйтсем, қасиетті дүние Сатыбай атамның әке-шешесінен мұра болып қалған екен. Күндер зулап өте берді, атам мен апам өмірден өтті, құран кітап нағашы ағаларымның қолында қалды. Кейін олар да дүниеден озды, енді сол шаңырақтың кенжесі секілді болып өскендіктен асыл дүние менің қолыма тиді. Он жылға жуық біздің шаңырақтың төрінде ілініп тұрды. Арабша хат танымағандықтан кітапты білетін адамдарға көрсеткенімде, олар: «Құранның



таңдамалы сүрелері жинақталған «Қалам Шәріп» кітабы, жинақтың іші толығымен арабша жазылған, сыртқы мұқабасы Ахмет Байтұрсыннов атамның қалыптастырған төте жазумен жазылған» деп түсіндірді. Енді уақыт өткен сайын көне жинақты ұй жағдайында сақтау қиындау болды, сондықтан жалпы жұртшылықтың игілігіне жарасын деп, қолжазбалар және сирек кітаптар Ұлттық орталығына тапсыруды жөн көрдім, – деді ол.

Осындай қастерлі дүниені Ұлттық орталыққа тапсырған Әсет Қайырханға аталған мекеменің директоры Мәлік Отарбаев ризашылығын білдірді.

ЖҮРЕККЕ ЖҰБАНЫШ СЫЙЛАҒАН...

Елбасы кітапханасының музейінде «Корея түстері: кеше және бүгін» атты көрме ашылды.

Мазмұнды іс-шара «Мәдениет арқылы үнқатысу» халықаралық көрме жобасы аясында Елбасы кітапханасы Қазақстандағы Корея республикасы елшілігінің Корея мәдени орталығымен бірлесіп отырып, Сукмён қыздар университеті музейінің қолдауымен, сондай-ақ Корея республикасының Мәдениет, спорт және туризм министрлігі мен Кореяның халықаралық мәдени алмасу қорының «Саяхат жасаған корей өнері 2021» жобасы негізінде ұйымдастырылды.

Көрменің ашылуына қатысқан Корея республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Ку Хонсок мырза аталмыш іс-шараның өтуіне мұрындық болған Елбасы кітапханасына алғысын айтты.

– «Корея түстері: кеше және бүгін» көрмесі біз үшін ерекше мәнге ие болып, жүрекке сәл жұбаныш сыйлайды деп үміттенемін. Пандемиядан қажыған жандар үшін Кореяның ерекше түстерін бейнелейтін түрлі киімдермен, дәстүрлі әшекейлермен және қолөнермен танысуға тамаша мүмкіндік болады. Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу жылы Қазақстан мен Корея азаматтары бет-бірін жақсырақ білуі үшін



екі ел арасындағы мәдени байланысты кенейтудің орны ерекше деп ойлаймын. Алдағы уақытта Корея республикасының елшілігі мен мәдени орталығы қызықты, танымдық іс-шаралар өткізуді жоспарлап отыр, – деді елші.

Көрмеге корейлердің дәстүрлі киім үлгілерінің артефактері мен репродукция-

лары саналатын жәдігерлер, корейлік дәстүрлі тұрмыстық заттарын ұсынған Корея авторларының, Сукмён әйелдер университеті түлектерінің заманауи жұмыстары қойылып, ол келушілердің қызығушылығын туғызды. Бұл жәдігерлер «Бес түс – бес негізгі бағыт» тұжырымдамасы негізінде дайындалған.

САЛТ-ДӘСТҮРДІ БІЛЕСІЗ БЕ?

Ұлттық академиялық кітапханада Ұлыстың ұлы күніне арналған «Қазақтың салт-дәстүрлері – ұлттық құндылық» атты иллюстративті-кітап көрмесі ашылды.

Көрме екі бөлімнен тұрады: біріншісі - «Наурыз – Ұлыстың ұлы күні» болса, екіншісі – «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа өнеге» деп аталған. Алғашқы бөлімге Наурыздың шығу тарихы, жыл қайыру, жыл, ай аттары тәрізді

ұлттық құндылықтар туралы әдебиеттер ұсынылса, екінші бөлімге – қазақ жерінде Ұлыстың ұлы күнін тойлаудағы ұрпақтар сабақтастығының маңызын дәріптейтін «Жеті қазына», «Қазақтың бата-тілек өсиеттері», «Қазақ

халқының салт-дәстүрлері», «Наурызанама», «Ас атасы – нан», «Қазақ халқының дәстүрлері – той-мереке, сауық-сайран», «Жаңа дәстүр – жаңа салт», «Салт-дәстүр сөйлейді» секілді кітаптар қойылды.

Мазмұнды іс-шараға ақын Бақытжан Тобаяқ, жазушы Жади Шәкенұлы секілді зиялы қауым өкілдері қатысып, жиналғандарды Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, Наурыз мерекесінің қадірі мен қасиеті туралы салқалы сөз өрбітті.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Ержан
ЖҮНИСОВ

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Апталық таралымы – 15 000

Тапсырыс №31

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы,
Сілеті көшесі, 30,
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрса-2» ТК
astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 703-212
Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17
Үйлестіруші: 70-33-05
Жарнама: 70-33-06

astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА